

Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 шілдедегі N 729 қаулысы

Мемлекеттің, азаматтардың және шаруашылық жүргізуші субъектілердің мүдделерін қаржылық әлеуметтік және өзге де тәуекелдерден қорғаудың тиімді тете және ұзақ мерзімді ішкі инвестициялардың сенімді көзі ретінде сақтандырудың ролін нығайтуға бағытталған ұлттық сақтандыру индустриясын одан әрі реформалау, сондай-ақ оның басым бағыттарын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) б е к і т і л с і н .

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынысты мемлекеттік органдар (келісім бойынша) жарты жылдық қорытындысы бойынша жылына екі рет 15 қаңтарға және 15 шілдеге Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігіне (келісім бойынша) Бағдарламаның іске асырылу жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы ақпаратты ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі (келісім бойынша) жарты жылдық қорытындысы бойынша жылына екі рет 30 қаңтарға және 30 шілдеге Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылуы жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы жиынтық ақпаратты ұсынсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігіне (келісім б о й ы н ш а) жү к т е л с і н .

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 ш і л д е д е г і

N 7 2 9 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы

1. Паспорты (Бағдарламаның негізгі параметрлері)

Атауы	Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы
Әзірлеуші	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі
Басты мақсаты	Мемлекеттің, азаматтардың және шаруашылық жүргізуші субъектілердің мүдделерін қаржылық, әлеуметтік және өзге тәуекелдерден қорғаудың тиімді тетігі және ұзақ мерзімді ішкі инвестициялардың сенімді көзі ретінде сақтандырудың ролін нығайтуға бағытталған ұлттық сақтандыру индустриясын одан әрі реформалау
Негізгі міндеттер	жеке сақтандыруды дамыту, оның ішінде оның ұзақ мерзімді және жинақтаушы түрлерін; өзара сақтандыру жүйесін дамыту; халықтың сақтандыру мәдениетін арттыру; сақтандыру ісін ақпараттандыру және автоматтандыру деңгейін көтеру; міндетті сақтандыру саласында мемлекеттік саясатты жасау және оның тиімділігін арттыру; сақтандыру рыногының инфрақұрылымын одан әрі жетілдіру; сақтандыру саласында мамандарды даярлау және біліктілігін арттыру; сақтандыру қызметін реттеу мен қадағалау стандарттарын арттыру; қайта сақтандыру және ортақ сақтандыру тетіктерін жетілдіру.
Күтілетін нәтиже	Ұлттық сақтандыру индустриясының тұрақтылығын және сенімділігін нығайту, жеке сақтандыруға деген сұраныстың сапалы өсіміне алғы шарттарды жасау, сақтандыру рыногының қазіргі заманғы инфрақұрылымын құру, халықтың сақтандыру мәдениетінің деңгейін көтеру, міндетті сақтандырудың тиімді жүйесін құру, сақтандыру аясында кадрлық әлуетті жақсарту, жаңа

сақтандыру өнімдері мен технологияларды ендіру,
сақтандыру қызметінің сапасын жақсарту, сақтандыру
рыногы қатысушыларын қадағалау мен реттеудің
тиімділігін арттыру.

Қажетті Мөлшері 2005 жылғы бюджетте анықталатын
ресурстар мен республикалық бюджеттің қаражаты
қаржыландыру
көздері
Іске асыру
мерзімі 2004-2006 жылдар

2. Кіріспе

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 27 қарашадағы
N 491 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында сақтандыруды дамытудың
2000-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру экономиканың
сақтандыру секторы дамуының белгіленген деңгейіне қол жеткізуге жол ашты және
осы салада одан әрі қайта құрулар үшін алғышарттар жасады.

Атап айтқанда, базалық сақтандыру заңдары жалпы алғанда реттеу мен
қадағалаудың халықаралық стандарттарын ескере отырып құрылды, міндетті
сақтандыру түрлерінің тізбесін оңтайландыру бойынша шаралар қабылданды,
сақтандыру ұйымдарының қызметіне қойылатын талаптар жаңа сапа деңгейіне
көтерілді, оның ішінде олардың ашық болуы мен қаржы тұрақтылығына, сақтандыру
қызметі тұтынушыларының заңды мүдделерін қорғау жүйесін құру, сақтандыру
рыногының қалыптасуы мен оның инфрақұрылымын дамыту бойынша бастапқы
іс-шаралар жүзеге асырылды.

Сонымен қатар, ел экономикасы дамуының қазіргі заманғы кезеңі, оның ішінде
мемлекет ішінде, сол сияқты әлемдік кеңістікте де осы саладағы үрдістерді ескере
отырып ұлттық сақтандыру индустриясының алдына жаңа мақсаттар мен міндеттер
қойып отыр. Сондықтан да республиканың ортамерзімді перспективаға сақтандыру
рыногы дамуының басым бағыттарын және оларды іске асыру жолдарын уақтылы әрі
нақты белгілеу өте маңызды болып табылады. Бұл көптеген факторлармен негізделген,
оның ішінде тәуекелді басқарудың тиімді рыноктік механизмдердің бірі ретінде
сақтандыруды дамыту экономиканың басқа салаларының тұрақты дамуына мүмкіндік
туғызады.

Сонымен қатар, осы Бағдарламаны әзірлеудің қажеттілігі сақтандыру институтын
қолдану саласы көптеген әр түрлілігімен ерекшеленетінімен негізделген және қоғамдық
қатынастардың барлық сапасын қамтиды. Мұндайда сақтандырудың тиімділігі оны

қолдану саласының (аясының) ерекшеліктерін есепке алуға біршама тәуелді болады, сондықтан сақтандырудың осы немесе басқа түрлерін дамытудың құқықтық, экономикалық және өзге алғышарттарын жасау жөніндегі мәселелерді шешу үшін тиісті салалық мемлекеттік органдар іске қосылуы тиіс.

Осы Бағдарламада Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 шілдедегі N 753 қаулысымен мақұлданған, Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамыту тұжырымдамасында айқындалған отандық сақтандыру рыногын дамыту жөніндегі негізгі шараларды іске асыру көзделген.

3. Қазіргі жай-күйімен проблемаларды талдау

3.1. Сақтандыру рыногы жөнінде жалпы мәліметтер

2004 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногында лицензиялары бар қызметті 32 сақтандыру ұйымы (оның ішінде 1 - өмірді сақтандыру бойынша, 6 - Қазақстан Республикасының резидент еместерінің қатысуымен), 6 сақтандыру брокері, 28 актуарий және сақтандыру ұйымына аудит жасауға лицензиясы бар 34 аудиторлық ұйым жүзеге асырады.

Есепті күнде 29 сақтандыру ұйымы сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының қатысушылары болып табылады.

Сақтандыру сыйлықақылары . 2003 жылы жиналған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі 28,9 млрд. теңге болды, бұл 2002 жылда жиналған көлемнен 27,2%-ға көп.

млн . теңге

Сақтандыру сыйлықақысының түсуі	01.01.03!	01.01.04	жылға !	2003/2002 ж. өзгеруі, %-пен
	!	!	Сомасы !үлесі %!	%-пен
Барлығы, оның ішінде:	22719,4	28 870,2	100,0	27,2
Міндетті сақтандыру бойынша	1201,8	2841,6	9,8	136,4
Ерікті жеке бойынша	1913,0	2778,4	9,6	45,2
Ерікті мүліктік бойынша	19604,6	23250,2	80,6	18,6

2004 жылғы 1 қаңтарға міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 136,4%-ке асады. Ерікті жеке сақтандыру бойынша ұлғаю 45,2%, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша 18,6% болды.

Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрінеді.

"Өмірді сақтандыру" саласы. 2003 жылғы кезең үшін "өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 430,2 млн. теңге (\$ 3,1 млн.) болды, бұл 2002 жылдың осы көрсеткішінен 2 есеге көп. "Өмірді сақтандыру" саласы бойынша есепті күнге жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 2003 жылдың 1 қаңтарына 0,9%-ке қарсы 1,5% болды.

"Жалпы сақтандыру" саласы. "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2003 жылғы кезең үшін жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 28,4 млрд. теңге (\$204,0 млн.) болды, бұл 2002 жылғы осыған ұқсас, кезеңнен 26,3%-ға артық.

Қазақстан Республикасы резидент еместерінің қатысуымен сақтандыру компанияларының 2004 ж. 1.01. жағдай бойынша жинаған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 37,5% (10,8 млрд. теңге) болып отыр.

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 16,8 млрд. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 58,2%-і болып отыр. Мұндайда резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 54,2%-і беріліп отыр.

млн. теңге

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	!	01.12.03 жылға!	!	01.10.04 жылға	!
			!-----		
	!	Сомасы	!үлесі,	Сомасы	!үлесі,
	!	!%-пен*	!	!%-пен*	!

Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде	16865,1	74,2	16776,2	58,2
Резидент еместерге	15469,8	68,1	15654,8	54,2
Резиденттерге	1395,3	6,1	1121,4	4,0

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар - 96,8%, ерікті жеке сақтандыру бойынша - 2,9%, міндетті сақтандыру бойынша - 0,3% алып отыр.

Сақтандыру төлемдері. 2003 жылы жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі 2002 жылдың деректерімен салыстырғанда 80,2 %-ке арта отырып 4,2 млрд. теңге (\$ 29,1 млн.) болды. Сонымен бірге қайта сақтандыру ұйымдары қайта сақтандыру есебінен өтеп отырған сақтандыру төлемдерінің үлесі 19% (0,8 млрд. теңге) болып отыр.

млн. теңге

Сақтандыру төлемдері	!01.01.03!	01.01.04	жылға !	2003/2002
!	!	!	! жылға !	! жылмен
!	!	!	! Сомасы !	! үлесі %!
!	!	!	!	! салыстырғанда,
!	!	!	!	! % - п е н
Барлығы, оның ішінде	2315,2	4172,4	100,0	80,2
мыналар бойынша :				
Міндетті	сақтандыру			
бойынша	759,1	1316,7	31,6	73,5
Ерікті	жеке сақтандыру			
бойынша	586,4	988,6	23,7	68,8
Ерікті	мүліктік сақтандыру			
бойынша	969,7	1867,1	44,7	92,7

2003 жылғы кезеңде жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы бойынша сақтандыру төлемдерінің мейлінше көп көлемі автокөлік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру сыныбы бойынша төлемдердің жиынтық сомасының 31,5 %-і болды. Сақтандырудың осы сыныбы бойынша шығын коэффициенті 2003 жылдың желтоқсан айындағы осы сақтандыру сыныбы бойынша сақтандыру көлемінің өсуіне байланысты өткен айда 45,6%-ке көбейіп, 50,6% болды.

Жалпы алғанда есепті күнге шығын коэффициенті (сақтандыру төлемдерінің сақтандыру сыйлықақыларына қатынасы) 14,5% болды.

Капитал . 2004 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының меншік капиталының мөлшері 9,0 млрд.теңге (\$ 63,0 млн.) болды, бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 47,3 %-ке көп болды.

Енгізілген нормативтерге сәйкес сақтандыру ұйымдарының меншік капиталының жеткіліктігін есептеуге өтімді қаржы активтері жатады.

Активтер. Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2004 жылғы 1 қаңтарда 20,7 млрд. теңге (\$ 144,5 млн.) болды, бұл 2003 жылғы 1 қаңтардағы дәл сондай көрсеткіштен 64,4 %-ке көп.

Міндеттемелер . 2004 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының міндеттемелер сомасы өткен жылдың осындай көрсеткіштермен салыстырғанда 57,4 %-ке өсе отырып, 7,4 млрд. теңге (\$52,8 млн.) болды.

Есепті күнге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қолданылып жүрген сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша (қайта сақтандырушының

үлесін шегере отырып) қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін құрылған сақтандыру резервтерінің көлемі 4,5 млрд. теңге болды, бұл 2003 жылғы 1 қаңтарда құрылған резервтер көлемінен 66,7%-ке артық. Қайта сақтандырушының сақтандыру резервтеріндегі есепті күндегі үлесі 8,7 млрд. теңге болды.

3.2. Сақтандыру рыногының даму проблемалары

Сақтандыру рыногы дамуының негізгі проблемалары республикада өмірді сақтандыру рыногының және жеке сақтандырудың басқа түрлерінің жеткіліксіз дамуының, сақтандыру ұйымдарын корпоративті басқару жүйесін ендіру, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметі туралы статистикалық және өзге деректер базасын қалыптастыру әрі оған қол жеткізуді қамтамасыз ету, сақтандыру компанияларының қызметін автоматтандыру мәселелері болып табылады.

Сақтандыру секторының проблемалары арасында өмірді ұзақ мерзімге және жинақтаушы сақтандыруды, сақтандыру өнімдерінің салыстырмалы қымбатшылығын (құн талаптары заңдарда айқындалған сақтандырудың міндетті түрлерін қоспағанда) және олардың қажетсіздігін, рынокта жекелеген сақтандыру ұйымдарының жеткіліксіз белсендігі мен сақтандыруға деген төмен қызығушылықты, әсіресе өз ақшасын көбірек банктерге сеніп тапсыратын нақты сақтанушылардың өмірді сақтандыруға деген төмен қызығушылығы, сақтандыру ұйымдарының өз тәуекелдерін (анықтау, бағалау, есеп беру) басқаруының төмен сапасын, сақтандыру ұйымдарының өмірді жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша сақтанушыларға заемдар беру жүйесінің дамымағандығын, халықтың сақтандыру рыногына деген сенімінің жеткіліксіздігін, сақтандыру ұйымдарындағы қызметтің және қызмет көрсетудің төмен сапасын, сақтандыру бизнесі саласындағы алаяқтықты қоса алғанда, ерікті сақтандыру бойынша ұсынылып отырған қызметтердің шектелуін атап өткен жөн.

Төменде әр түрлі елдердің сақтандыру рыноктарының негізгі көрсеткіштеріне салыстырмалы талдау көрсетілген.

Сақтандыру рыноктарының негізгі көрсеткіштерінің салыстырмалы талдауы

! АҚШ !Жапония!Германия!Польша!Венгрия!Ресей!Қазақстан

Сақтандыру
сыйлық -
ақыларының
сомасы

(млн.

АҚШ.долл) 1157516 342421 164773 4795 1336 9481 201,4

Ө м і р д і

с а қ т а н д ы р у
 б о й ы н ш а
 с а қ т а н д ы р у
 с ы й л ы қ -
 а қ ы л а р ы н ы ң
 үлесі %-пен 48,7 72,9 40,0 33,5 45,9 50,5 1,5

С а қ т а н д ы р у
 т ө л е м д е р і н і ң
 с о м а с ы
 (млн. АҚШ
 долл.) жоқ 112423 117585 2345 500 5889 29,1

д е р е к т е р

С а қ т а н д ы р у
 т ө л е м д е р і н і ң
 с а қ т а н д ы р у
 с ы й л ы қ -
 а қ ы л а р ы н а
 қ а т ы н а с ы
 (ш а ғ ы н
 к о э ф ф и ц и е н т і)
 %-пен 77,5 33 71 49 37 62 14,5

А д а м б а с ы н а

ш а қ қ а н д а
 с а қ т а н д ы р у
 с ы й л ы қ -
 а қ ы л а р ы
 (АҚШ долл.) 3837 2655 1529 123 133 65 13,5

С а қ т а н д ы р у
 с ы й л ы қ -
 а қ ы л а р ы н ы ң
 Ж І Ө - г е
 қ а т ы н а с ы
 %-пен 10,60 7,09 6,71 2,89 2,89 3,07 0,65

С а қ т а н д ы р у
 ұ й ы м д а р ы
 қ ы з м е т к е р л е -
 р і н і ң
 с а н ы н а
 с а қ т а н д ы р у

қ а т ы с у м е н
ж и н а ғ а н
с а қ т а н д ы р у
с ы й л ы қ -
а қ ы л а р ы н ы ң
ү л е с і % - п е н
(өмірді сақтандыру) 21,99 9,58 14,96 49,40 98,17 жоқ 1,5
деректер

С а қ т а н д ы р у
ұ й ы м д а р ы
ш е т е л д і к
қ а т ы с у м е н
ж и н а ғ а н
с а қ т а н д ы р у
с ы й л ы қ -
а қ ы л а р ы н ы ң
ү л е с і % - п е н
(жалпы сақтандыру) 12,01 25,85 13,40 33,35 0,10 жоқ 35,9
деректер

М і н д е т т і
с а қ т а н д ы р у
б о й ы н ш а
с а қ т а н д ы р у
с ы й л ы қ -
а қ ы л а р ы н ы ң
с а қ т а н д ы р у
с ы й л ы қ -
а қ ы л а р ы н ы ң
жалпы деректер деректер деректер деректер 31,40 26,00 9,8
сомасына жоқ жоқ жоқ жоқ
қ а т ы н а с ы
% - п е н

С а қ т а н д ы р у

ұ й ы м д а р ы н ы ң
а к т и в т е р і
(млн.АҚШ деректер деректер
долл.) 4186900 3113400 жоқ 8726,60 2508,30 жоқ 144,5

Германия, Венгрия, Жапония, Польша, АҚШ бойынша деректер 2000 ж. үшін келтірілген.

Ресей бойынша деректер 2001 ж. үшін.

Қазақстан бойынша деректер 2003 ж. үшін.

4. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Бағдарламаның басты мақсаты мемлекеттің, азаматтардың және шаруашылық жүргізуші субъектілердің мүдделерін қаржы, әлеуметтік және өзге тәуекелдерден қорғаудың тиімді механизмі мен ұзақ мерзімді ішкі инвестициялардың сенімді көзі ретінде сақтандырудың ролін және орнын нығайтуға бағытталған ұлттық сақтандыру индустриясын одан әрі реформалау.

Осы Бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу болжанып отыр:

ұзақ мерзімді және жинақтаушы жеке сақтандырудың түрлерін дамытуды ынталандыру арқылы азаматтардың әлеуметтік қорғалу деңгейін көтеру;

өзара сақтандыру жүйесін дамыту;

сақтандыру мақсаттарын, сақтандыру заңдарын, сақтандыру аясында жүргізіліп жатқан реформаларды насихаттау мен түсіндіру бойынша жұмысты күшейту, сақтандыру қызметін тұтынушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған өзге шараларды жүзеге асыру және халықтың сақтандыру мәдениетінің деңгейін көтеру;

Сақтандыру ісін ақпараттандыру және автоматтандыру саласында жаңа технологияларды ендіруге жәрдем көрсету;

міндетті сақтандыру саласында мемлекеттік саясатты құру және міндетті сақтандыру жүйесінің тиімділігін арттыру;

сақтандыру рыногының толыққанды инфрақұрылымын қалыптастыру, оның қатысушылар топтарын және олардың қызмет аясын нақты айқындау;

сақтандыру аясында мамандарды даярлау және біліктілігін арттыру;

сақтандыру рыногын бірыңғай қадағалауға көшуін ескере отырып сақтандыру қызметін қадағалау мен реттеу жүйесін ұйымдастыру;

қайта сақтандыру және ортақ сақтандыру рыноктарын дамыту.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері

5.1. Жеке сақтандыруды дамыту

Республикада сақтандыру рыногын дамытудың негізгі мәселелерінің бірі жеке сақтандырудың (life insurance), соның ішінде оның ұзақ мерзімді (жинақтаушы) түрлерінің жеткіліксіз дамуы болып табылады.

Атап айтқанда, жеке сақтандыру және оның ішінде өмірді сақтандыру

инвестициялық әлуетті арттырады, өйткені сақтандыру ұйымдары жеке сақтандырудың ұзақ мерзімді түрлері арқылы экономикаға жеткілікті болатын ұзақ уақыт аралығына ақша тартады және институционалды инвестициялар жүйесінің дамуына тиімді мүмкіндік туғызып, ел - экономикасы үшін өте маңызды болады.

Бұл ретте жеке тұлғалар жеке сақтандырудың және өмірді сақтандырудың барлық спектрі бойынша нақты болатын сақтанушылары болып табылады, атап айтқанда: қайтыс болған жағдайда, еңбек ету қабілетін жоғалтқанда, шартта белгіленген жасқа немесе мерзімге дейін өмір сүруге, сондай-ақ білім беру шығыстарын сақтандыруға, зейнетақыны (аннуитеттер) сақтандыру, кредит заемшысының өмірін сақтандыруға.

Сондай-ақ жұмыс берушілер тиісті жағдайлар болғанда қайтыс болу жағдайында сақтандыру, қосымша зейнетақыны сақтандыру және өз қызметкерлерінің өмір сүруін сақтандыру жөніндегі сақтанушылар ретінде болуға мүдделі болулары тиіс.

5.1.1. Жеке сақтандыруды дамыту мәселелері

Қазіргі уақытта республикада жеке сақтандыру секторы іс жүзінде дамымаған к ү й і н д е қ а л ы п о т ы р .

Жеке сақтандыруды, оның ішінде қазіргі кезеңде өмірді сақтандыруды жүргізу ерекшеліктері мынадай мәселелермен байланысты:

халық кірісінің жеткіліксіз деңгейі;
кеңес заманынан кейінгі елдегі жеке сақтандырудың теріс тарихы,;
сенімді қаржылық инвестициялық құралдардың шектелген тобы;
нақты болатын сақтанушылардың болашаққа сенімсіздігі;
халықтың, жеке сақтандыру делдалдарының және сақтандырушылардың сақтандыру мәдениетінің төмендігі;
халықтың ұзақ мерзімді жеке сақтандыруға қатысуы үшін экономикалық ы н т а с ы н ы ң б о л м а у ы .

Осы тізімге халықтың сақтандыруға деген сенімінің болмауын жатқызуға болады, бұл "қаржы пирамидаларына", сондай-ақ КСРО Мемсақтандырумен жасалған шарттар бойынша сақтандыру сомаларының құнсыздануына байланысты аты шулы жанжалдардың салдары болып табылады.

Жеке сақтандырудың дамуына халықтың жинақ ақшаны (жылжымалы, жылжымайтын мүлік, шетел валютасын сатып алу) құрудың басқа тәсілдерін дәстүрлі пайдалануы кедергі келтіреді, бұл барлық уақытша бос қаражатты бірден біршама тұрақты құндылықтарға салған уақытта отандық экономиканың инфляция кезеңінің м ұ р а с ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

Еуропа Одағы елдерінде, сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-не қатынасының орташа алғандағы көрсеткіші 8,5 %-ті құрайды, Қазақстан Республикасында 2003 жыл үшін ол 0,65 %-ті құрады. Мұндайда дамыған елдердің сақтандыру

сыйлықақыларының жалпы көлеміндегі өмірді сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 50 %-тен 80 %-ке дейін жетеді, біздің елімізде бұл көрсеткіш бүгінгі таңда барлығы 1,5 %-ті құрап отыр.

Көрсетілген көрсеткіштерді қолдана отырып, 1990 жылғы деректер 1000 адамға шаққанда 834 сақтандыру шарты қолданыста болғанын көрсетеді. Шамамен 78 %-тей жұмысшылардың, қызметкерлер мен колхозшылардың өмірі сақтандырылды, шаруа қожалықтарының 57 %-ті өз құрылыстарын, отбасылардың 44 %-ті - үй мүлкін және сонша меншік иелері - өз автомобильдерін сақтандырды. Сақтандырудың мұндай қамтуы егер объектілердің барлық 100 %-тін ешкім де сақтандыра алмағанын ескерсек (Ұлыбританияның өзінде жеке меншік үйлердің және олардың мүлкінің 15-20 %-ті сақтандырылмаған), өте жоғары болды. Халықтың жалпы ақшалай шығыстарындағы сақтандыру сыйлықақылары 2,1 % болды, яғни әрбір жұмсалған 100 сомның екі сомы сақтандыру қызметін төлеуге бағытталды, мұны велосипедтерді, мотоциклдерді және жеңіл автомобильдерді (1,8 %) сатып алу шығыстарымен салыстыруға болады.

5.1.2. Жеке сақтандыруды дамыту перспективалары

Мемлекет елдегі жеке сақтандыру рыногының дамуында ең мүдделі субъект болып табылуы тиіс.

Біріншіден, Мемлекеттік мәселелерді шешу үшін қаражатты табу мәселесі бірінші кезектегі маңыздылыққа ие және атап айтқанда жеке сақтандыру, өмірді сақтандыруды қоса алғанда, ұзақ мерзімді инвестициялық ресурстардың көзі болып табылатын қосымша қаражатты тартуға мүмкіндік туғызады.

Екіншіден, жеке сақтандыру мемлекеттік әлеуметтік кепілдемелер тапшылығының орнын толтырады. Ұзақ мерзімді жеке сақтандыру (оның ішінде зейнетақы аннуитеттері) мемлекеттік төлемдер мөлшеріне, оның ішінде кәрілік пен мүгедектік бойынша тәуелді болмайтын қосымша кіріс алуды қамтамасыз етеді. Жеке сақтандырудың дамыған рыногының болуы мемлекеттің азаматтары әлеуметтік қамтамасыз етуге шығындарын азайта отырып, бюджеттің шығыс бөлігіне деген салмақты төмендетеді. Мұнымен, мемлекет халықтың барынша төмен қамтамасыз етілген бөлігін қорғауға назар аударуға мүмкіндік алады.

Үшіншіден, сақтандырудың еңбек және ғылым тұрғысынан ауқымды салаларының бірі ретінде жеке сақтандыруды дамыту жаңа жұмыс орындарының пайда болуына әкеледі.

Қазіргі уақытта әлеуметтік салада және сақтандыру саласында мемлекет жүргізіп отырған реформалар, сондай-ақ ел экономикасындағы оң өзгерістер республикада жеке сақтандыру институтының дамуы үшін негізін қалап отыр.

Қазіргі уақытта зейнетақы аннуитеттерін енгізу арқылы зейнетақы қызметі аясында, сондай-ақ жұмыс берушілерді сақтандыруды қоса алғанда, әлеуметтік аяның басқа да салаларында сақтандыру қағидаттарын пайдалану үшін әлеует бар. Мемлекет айқындаған басым бағыттарға сәйкес жеке сақтандыруды дамыту, оның ішінде өмірді

сақтандыруды дамыту, аннуитеттердің еңбек ету қабілетін, денсаулығы мен жүйесін және сақтандырудың әлеуметтік тұрғыдан өзге де маңызды түрлерін дамыту туралы, сондай-ақ сақтандыру ұйымдары қызметінің белсенділігін ояту жөніндегі мәселелер аса көкейтесті болып табылады.

5.1.3. Жеке сақтандыру саласында, оның ішінде өмірді сақтандыру мен аннуитеттер саласында жаңа сақтандыру өнімдерін дамыту жөніндегі іс-шаралар

Зейнетақы реформасын және әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің реформасын табысты болатындай етіп жалғастыру мақсатында мыналарды тұрақты өмір бойы немесе ұзақ мерзімді төлемдермен тиімді қамтамасыз етуге шақырылған аннуитеттерді жеке сақтандырудың өнімі ретінде ұсыну жүйесін дамыту қажет:

зейнеткерлік жасқа келген тұлғаларды;

зейнеткерлік жасқа келгенге дейін еңбек ету қабілетін жоғалтқан тұлғаларды; асыраушының қайтыс болуына байланысты мұрагерлерге.

Аннуитеттерді енгізу адамның зейнетақыда аса қорғалған болуын қамтамасыз етуге қол жеткізеді. Аннуитеттер жүйесі және өмірді сақтандыруды жүзеге асыратын ұйымдар зейнеткерлерді өмір бойы кіріспен қамтамасыз ете алады, өйткені жинақтаушы зейнетақы қорлары зейнеткер өмірінің ұзақтығына және өмір бойы қамсыздандыру үшін жинақталған қаражаттың жеткілікті болуына қарамастан тек өздерінің салымшылары нақты жинаған сомаларын ғана төлей алады.

Жалпы алғанда сақтандыру рыногының және жеке сақтандыру рыногының дамуы, атап айтқанда, қаржы рыноктарының дамуына және осы рыноктар ұсынып отырған сақтандыру ұйымдарының активтері инвестицияланатын құралдарға барынша, тәуелді болады. Сақтандыру ұйымдарының тәуекелдер бойынша, құралдардың мерзімділігі бойынша және олардың өтімділігі бойынша активтерін диверсификациялауды қамтамасыз ету үшін бағалы қағаздар рыногын одан әрі дамыту қажет.

Жеке сақтандырудың дамуында осы салада пайда болып жатқан жаңа сақтандыру өнімдері ерекше орын алып отыр, олар сақтанушыларға өз салымдарын сақтандыру жарналары түрінде басқаруға мүмкіндік береді. Қатысушы полистер (unit-linked) деп аталатын мұндай өнімдер дамыған елдерде кең тараған және өмірді сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары активтерінің едәуір бөлігін қалыптастырады.

Осы Бағдарламаның жеке сақтандыруды, оның ішінде аннуитеттерді дамыту аясындағы мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай басым бағыттарды атап көрсетуге б о л а д ы :

1. Аннуитеттерді ұсыну, өмірді сақтандыру жұмыс қабілеті саласында сақтандыру заңдарын, оның ішінде жаңа сақтандыру өнімдерінің пайда болуын қамтамасыз ететін сақтандыру заңдарын реформалау, сондай-ақ салалар мен сақтандыру сыныптарының жіктелуін нақтылау мүмкіндігін қарастыру.

2. Өмірді сақтандыруды жүзеге асыратын ұйымдардағы жинақ ақшаның сақталуын қ а м т а м а с ы з е т у .

3. Ұзақ мерзімді (жинақтаушы) сақтандыруды дамыту мақсатында салық салу
р е ж и м і н ж е т і л д і р у .

4. Өмірді сақтандыруды жүзеге асыратын ұйымдардың институционалды
қ а л ы п т а с у ы ү ш і н ж а ғ д а й ж а с а у .

5. Өмірді сақтандыруды жүзеге асыратын ұйымдардың ұзақ мерзімді
инвестициялары үшін мүмкіндіктерді кеңейту.

5.1.4. Мемлекеттік аннуитет компаниясын құру

Ұзақ мерзімді жеке сақтандыруды, атап айтқанда аннуитеттерді ұсыну жүйесін
дамытуда қосымша серпін Мемлекеттік аннуитет компаниясын құру болуы тиіс.

Аталған ұйымды құру зейнеткерлік жасқа келген немесе зейнеткерлікке мерзімінен
бұрын шығатын азаматтардың зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарға сәйкес
өмір бойы зейнетақыны алу жөніндегі құқықтарын іске асыру қажеттілігімен
негізделген. Осы мемлекеттік ұйымның құрылтайшысы еліміздің Үкіметі болуы
мүмкін. Мемлекеттік аннуитет компаниясын құру аннуитеттерді ұсыну жүйесін
ынталандыру мен дамыту бойынша қосымша шаралар кешенімен ілесіп жүруі тиіс.

Сөйтіп, Мемлекеттік аннуитет компаниясын құру:

қызметкер өз еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде жұмыс берушінің оның
өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жауапкершілігін міндетті сақтандыруды
табысты жүргізілуін қамтамасыз етуге;

аннуитеттерді сақтандырудың жалпы және ұзақ мерзімді түрлерінде ұсыну
жүйесінің дамуын ынталандыруға;

сақтандыру ұйымдары қолданатын сақтандыру технологияларының дамуы мен
жетілдіруіне қосымша серпін беруге;

аннуитеттерді ұсыну саласында қажетті тәжірибені жинақтауға;

осы сақтандыру өніміне (аннуитеттерге) бар сұранысты қанағаттандыруға және
азаматтарға зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарға сәйкес берілген
құқықтардың іске асырылуын қамтамасыз етуге қол жеткізеді.

Мемлекеттік аннуитет компаниясы қызметінің негізгі бағыттары мыналар болуы
т и і с :

сақтандыру рыногында аннуитет өнімдерін ұсыну, оның ішінде зейнетақы
а н н у и т е т і ш а р т ы н ж а с а у ; ,

аннуитет шарттарын жасау арқылы еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде
жарақат және зақым алған қызметкерлерге сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру.

Мемлекеттік аннуитет компаниясы қызметінің нәтижесі мынадай болуы тиіс:
сақтандыру рыногында жаңа ұзақ мерзімді сақтандыру өнімдерінің пайда болуы;
республиканың сақтандыру рыногында өмірді сақтандыру бойынша бірнеше жеке
сақтандыру ұйымдарының пайда болуы;

республикада зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін жетілдіру; ұлттық сақтандыру рыногының инфрақұрылымын одан әрі дамыту және нығайту; жалпы алғанда сақтандыруды жүзеге асырудың жаңа технологияларын ендіру.

5.2. Өзара сақтандыруды дамыту

Әлемдік тәжірибе өзара сақтандыру қазіргі заманғы сақтандыру рыногының маңызды элементтерінің бірі болып табылатынын дәлелдейді. Өзара сақтандыру кезінде заңды және жеке тұлғалардың өзара сақтандыру қоғамдарын құру арқылы олардың мүлкі мен өзге де мүліктік мүдделерінің сақтандырылуы жүзеге асырылады. Әдеттегідей мұндай қоғамдарды қызметі бір тектес тәуекелдерге байланысты тұлғалар құрады. Атап айтқанда, өзара сақтандыру қоғамдарын кәсіби одақтар мен бірлестіктер базасында кәсіпорындар қызметкерлері, бір тектес су көлігі құралдары иелері және т.б. құруы мүмкін.

Өзара сақтандыру қажеттілігі ең алдымен коммерциялық сақтандырушылар әр түрлі себептермен: шығынның жиі болуы, сақтандыру сомаларының жоғары көрсеткіші және с.с. сақтандыруға қабылдаудан бас тартатын тәуекелдердің көп болуымен негізделген.

Сақтандырудың өзара нысанының басты басымдықтарының бірі оның коммерциялық сақтандырумен салыстырғанда төмен құны болып табылады, бұл оның басқа артықшылықтарымен қатар өзара сақтандыру қоғамдарының әлемдік сақтандыру тәжірибесінде кеңінен таралу тағдырын анықтады. Әлемдегі он ірі сақтандыру компанияларының алтауы өзара сақтандыру қоғамдары болып табылады. Бес ірі ұлттық сақтандыру рыноктарында (АҚШ, Жапония, Германия, Ұлыбритания, Франция) өзара сақтандыру операциялары бойынша үлесі барлық сақтандыру сыйлықақыларының шамамен 40%-ті болды. Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-дегі үлесі шамамен 5%-ті құрайтын, ал елдің бір тұрғынына сақтандыру сыйлықақыларының шамамен 1600 АҚШ доллары келетін Швецияда, 89 ірі сақтандырушылардың 21-і өзара сақтандыру қоғамдары.

Өзара сақтандырудың ұйымдық принципі қоғамның барлық мүшелеріне сақтандыру жағдайы келген кезде шығын сомасын бөлуден тұрады. Өзара сақтандыру қоғамының акционерлік қоғамнан айырмашылығы әрбір сақтанушы онда бір мезгілде қоғамның мүшесі болып табылатындығында.

Бұл ретте халықаралық тәжірибеде өзара сақтандыру қоғамдарының жекелеген санаттары (мысалы, сақтандыру сыйлықақыларының көлеміне қарай) мемлекеттік органдар тарапынан реттелуге жатпайды, бұл көптеген кішігірім өзара сақтандыру қоғамдарын құруға мүмкіндік туғызады.

Сонымен қатар, Қазақстанда өзара сақтандыру институты мүлдем қолданылмайды. Бұған себептер көп, бірақ мұнда өзара сақтандыру қоғамының құқықтық мәртебесін

және олардың қызмет ету шарттарын айқындайтын заң актісінің болмауы үлкен роль ойнап отыр. Сондықтан да осы саладағы бірінші кезектегі міндет тиісті нормативтік құқықтық базаны құру болып табылады.

5.3. Халықтың сақтандыру мәдениетін көтеру

Елдегі сақтандыруды және сақтандыру қызметін дамытудың негізгі міндеті халықтың сақтандыру мәдениетін қалпына келтіру және одан әрі көтеру болып табылады. Қазіргі уақытта сақтандыру рыногы дамуының төмен деңгейі халықтың жеткіліксіз сақтандыру мәдениетінің қалыптасқанын айтуға болады.

Осының себептеріне халықтың жалпы алғанда сақтандыруға деген теріс қатынасын (халықтың сенімсіздігін), халықтың мемлекет тарапынан әлеуметтік және өзге көмегіне тарихи қалыптасқан бағытта болуын, сақтандыру өнімдері, сақтандыру ұйымдарының қызметі туралы ақпараттың болмауын, оның ішінде олардың төмен жарнама беру белсенділігіне орай, сақтандыру қызметінің мағынасын түсінбеуін, сақтандыру ұйымдарының қызметі туралы бұқаралық ақпарат құралдарында оңтайлы материалдардың болмауын, халықтың кірісімен салыстыруға болмайтын жоғары сақтандыру тарифтерінің болуын, тиімсіз сақтандыру шарттарын жатқызуға болады.

Халықтың сақтандыру мәдениетін көтеру саласында пайда болған проблемаларды шешу үшін сақтандыру рыногының барлық кәсіби қатысушыларының және олардың бірлестіктерінің, мемлекеттік органдардың қатысуымен келісілген халық үшін сақтандырудың тартымдылығын арттыратын кең көлемді іс-шараларды жүзеге асыру қажет.

Осыған орай, осы Бағдарламаны іске асыру мақсатында мынадай іс-шараларды жүзеге асыру болжанып отыр:

тұрақты негізде сақтандыру рыногының кәсіби қатысушыларымен және олардың бірлестіктерімен бірлесіп сақтандыру қызметінің рыногы және сақтандыру өнімдері туралы, оның ішінде қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері жөнінде толық әрі объективті ақпараттың берілуіне бағытталған халық арасында оқу-ағарту және түсіндірме жұмысын жүргізу;

сақтандыру рыногы қатысушыларының кәсіби білім деңгейін арттыруға бағытталған тақырыптық конференцияларды, семинарларды тұрақты өткізу;

халықты сақтандыру рыногындағы заңсыз немесе заңға қарсы қызмет, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру агенттерінің және Қазақстан Республикасының резидент еместері - сақтандыру ұйымдары делдалдарының қызметі туралы хабардар ету;

сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасаған кезде және сақтандыру қызметінде қолданылатын басқа құжаттарда пайдаланылатын терминологияны бір ізге келтіру.

Халықтың сақтандыру мәдениетін қалыптастыруда сақтандыру ұйымдарының және олардың бірлестіктерінің ролі орасан зор, оларға бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекет етуді жандандыру, елдің қалың көпшілігі үшін білім беретін әрі оқытатын бағдарламаларды ұйымдастыру, халықтың сақтандыру қызметіне сұраныстарын зерттейтін маркетинг зерттеулерін жүргізу қажет және керек болғанда жаңа сақтандыру өнімдерін әзірлеу қажет.

Қазіргі уақытта отандық сақтандыру ұйымдары сақтандыру қызметінің төмен ассортиментін ұсынады (40 түрінен астам емес, негізінен классикалық. Салыстыру үшін АҚШ-да сақтандыру түрлерінің 3 мыңнан астамы қолданылуда, Еуропада 400-500)

Халықтың сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы хабардар болуын арттырудың тиімді құралдарының бірі мамандандырылған баспасөз басылымының шығарылымы болуы тиіс (қазіргі уақытта ол жоқ), оны мемлекеттік органдардың, сондай-ақ сақтандыру рыногының кәсіби қатысушыларының қатысуы әбден мүмкін.

5.4. Сақтандыру статистикасының толыққанды базасын қалыптастыру

5.4.1. Ағымдағы жай-күйі

Жалпы алғанда сақтандыруды, оның ішінде оның жинақтаушы түрлері мен аннуитеттерді ұсыну жүйесін дамытудың қажетті факторы статистикалық және өзге деректердің ауқымды базасының болуы болып табылады.

Қолданылып жүрген мемлекеттік статистикалық сақтандыруда толық көлемде қолданылмауы мүмкін.

Біріншіден, өмір ұзақтығының жалпы кестелері деректердің жоғары дәлдігімен және толық салыстыруға болатындығымен, сондай-ақ олардың математикалық өңделу мұқияттылығымен ерекшеленбейді.

Екіншіден, мемлекеттік статистиканы нақтылау сақтандырудың міндетті сияқты ерікті түрлерінің де тарифтерін негіздеу үшін қажетті көптеген актуарлық кестелерді құруға мүмкіндік бермейді. Мемлекеттік статистика деректерінде актуарлық есептеулерді жүргізу үшін көптеген қажетті мәліметтер жоқ.

Үшіншіден, сақтандыру компаниялары халықтың ерекше тобымен: әр түрлі уақытта, әр түрлі жаста және әр түрлі тәуекелдерден сақтандырылған тұлғалардың жиынтығымен жұмыс істеуде.

Актуарлық есептеулер кезінде шынайы статистикалық деректерді пайдаланудың маңыздылығын түсіне отырып, көптеген отандық сақтандыру компаниялары өздерінің деректер базасын жүргізу қажеттігін түсінді. Бірақ бұл мәселенің толыққанды шешімі болып табылмайды, өйткені мұндай бытыраңқы есеп болған жағдайда (әрбір жекелеген сақтанушы) алған ақпараты аз көлемді, бір тектес емес және онша шынайы емес те болады.

5.4.2. Сақтандыру статистикасының толыққанды базасын қалыптастыру қажеттігі

Сақтандыру тарифтерін және сақтандыру резервтерін есептеу сапасын жақсарту жөнінде іс-шараларды ойдағыдай іске асыру, атап айтқанда оларды есептеу жөніндегі бағдарламалық өнімді әзірлеу мен қолданысқа енгізу мұндай деректер базасынсыз мүмкін емес.

Деректер базасы халықтың жалпы өлім-жітімі, халықтың жекелеген санатының өлім-жітімі (мысалы, жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысатындар және тұрақты түрде зейнетақы жарналарын төлейтіндер), мүгедектердің өлім-жітімі туралы мәліметтерді, мүгедектіктен қалпына келу көрсеткішін, мүгедектік, жарақаттылық және тағы басқалардың артуының көрсеткіштерін қамтуы тиіс.

Сақтандыру статистикасының жинақталуы оны сақтандыру рыногының кәсіби қатысушылары, атап айтқанда актуарийлер, андеррайтерлер пайдалануы үшін қиын әрі шығынды міндет болып табылады. Бұл мынадай себептермен негізделген:

Біріншіден, деректерді жоғары дәрежеде нақтылай отырып есеп беруді нысандарын әзірлеу және оны барлық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының жұмыс тәжірибесіне енгізу қажет.

Екіншіден, қажетті статистикалық ақпаратты жинақтау процесін ұйымдастыру бойынша жұмыс, сондай-ақ деректер базасын қалыптастыру, жаңарту және мониторингі бойынша жұмыс көп еңбек сіңіруді қажет етеді.

Үшіншіден, сақтандыру кезіндегі шынайы көріністі бара-бар көрсететін статистикалық және өзге де деректерді қалыптастыру және жинақтау үшін 3-5 жылдай ұзақ уақыт аралығы қажет.

Бұдан басқа, статистикалық және өзге де ресми деректердің қажетті базасының болуы сақтандыру тәуекелдерінің түсу мүмкіндігін және қандай да бір міндетті сақтандыру түрін енгізудің мақсаттылығы туралы мәселелерді қарау барысында олардың келтіретін ең көп мөлшердегі зиянын бағалау үшін қажет.

Ақиқаттылық деңгейі жоғары мұндай деректердің болуы жалпы алғанда жеке сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру тарифтерінің бара-бар мөлшерін белгілеуге мүмкіндік береді.

5.4.3. Сақтандыру статистикасының толыққанды базасын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылуы қажет іс-шаралар

Сақтандыру статистикасының деректер базасын жасау және қалыптастыру жөніндегі жұмыс сонымен қатар мынадай құрамдас бөліктерден тұруы қажет:

бірінші кезекте міндетті сақтандыруда жинақталатын деректерді жинау, сақтау және өңдеу үшін бірыңғай әдістемелік базаны әзірлеу;

сақтандыру ұйымдарының қажеттілігін көрнекі және бара-бар көрсете алатын көрсеткіштер тізбесін айқындау;

сақтандыру рыногының өзгеруі барысында сақтандыру түрлерінің тізбесін және көрсеткіштер тізбесін түзету (қажет болған жағдайда) механизмін, сондай-ақ осындай түзетуге статистикалық ақпарат тұтынушыларының қатысу тетігін жасау.

Сақтандыру статистикасы көрсеткіштерінің әзірленетін тізбесі мынадай талаптарға
ж а у а п б е р у і т и і с :

сақтандырудың барлық саласын қамту;
байланыстарды көрсететін (бірыңғай жіктеулерді және жіктеушілерді пайдалану арқылы) бірнеше талдау операцияларының негізінде сақтандыру статистикасы жүйесінің өз ішіндегі деректердің өзара байланысын қамтамасыз ету;
сақтандыру жағдайының сақтандырылған объектілердің әр түрлі кластары үшін туған кезінде ерекшеліктерін анықтау мүмкіндігін беру.

Тізбені әзірлеу кезінде осы саладағы халықаралық сақтандыру ұйымдары мен актуарлық қоғамдардың жинақтаған тәжірибесін ескерген жөн. Бұдан басқа, сақтандыру статистикасы көрсеткіштерінің әзірленетін тізбесі әдістемелік және методологиялық жағынан әлемде қабылданған ұқсас көрсеткіштермен сәйкес келгені
ж ө н .

Көрсетілген деректер базасын жасау, қалыптастыру және оған тұрақты мониторинг жүргізу жөніндегі шаралар өмірді сақтандыруды ғана емес, жалпы барлық жеке сақтандыруды дамытуға қосымша серпін береді.

Осы мақсатта статистикалық есеп берудің егжей-тегжейлі нысандарын әзірлеу мен енгізу бөлігінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және "Қазақстан Актуарий орталығы" ЖАҚ-мен бірлесіп сақтандырудың әр түрлі түрлері (кластары) бойынша статистикалық деректер базасын қалыптастыру бойынша жұмысты белсендіру болжанып отыр.

5.5. Міндетті сақтандыру жүйесін дамыту

Дамыған нарықтық экономикасы бар елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай міндетті сақтандыру механизмі мемлекеттік әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету және экономикасының дамуын жеделдету мақсатында кеңінен қолданылады.

Бұл тәжірибе Қазақстанда да қолданыс табуда. Соңғы жылдары мұнда азаматтардың заңды тұлғалардың және мемлекеттің мүліктік мүдделерін табиғи, техногендік, экономикалық және өзге де тәуекелдерден қорғау жөніндегі міндеттерді шешу үшін міндетті сақтандыруды пайдалану аясы біршама кеңейді.

Сонымен қатар міндетті сақтандырудың отандық жүйесінде әлі де шешімі табылмаған мәселелер бар, олардың көбісі осы салада бірыңғай мемлекеттік саясаттың
б о л м а у ы м е н б а й л а н ы с т ы .

Атап айтқанда, әр түрлі мемлекеттік органдар міндетті сақтандырудың қандай да бір түрін енгізу туралы шешімді қабылдау барысында әдетте, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттарын, ұлттық сақтандыру рыногының және әлуетті сақтандырушылардың қаржы мүмкіндіктерінің шынайы жай-күйін ескермей-ақ ведомство ауқымындағы мүдделерді басшылыққа алады.

Міндетті сақтандырудың осы және басқа да мәселелерін шешу мақсатында мынадай негізгі міндеттерді шешу қажет:

1. Мынадай мәселелерден тұратын міндетті сақтандыру саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру.

1) Міндетті сақтандыру түрін енгізудің құқықтық, экономикалық және өзге де негіздері

Азаматтар, шаруашылық жүргізуші субъектілер және мемлекет үшін әлеуметтік-экономикалық маңызы сақтандырудың қандай да бір түрін міндетті сақтандыруға жатқызудың басты критерийі болуы қажет.

Заң актісінде міндетті сақтандыру түрін көздейтін норманы көрсету және/немесе ол бойынша тиісті заң қабылдау үшін енгізілетін міндетті сақтандыру түрі қажеттілігінің, тиімділігінің және экономикалық мақсаттылығының әлеуметтік-экономикалық негіздемесі әзірленуі қажет.

"Міндетті сақтандыру" ұғымын, принциптері мен оның қолданылу аясын нақтылау мақсатында Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселені қарау қажет. Мұндайда жекелеген заң актісіне немесе шартқа орай - міндетті сақтандыруды жүргізудің құқықтық негіздемелері нақты шектеуі тиіс.

Мемлекет мүддесін қорғау тұрғысынан алып қарағанда, міндетті сақтандыру түрін енгізу мүмкіндігінше, халықтың және шаруашылық жүргізуші субъектілердің әлеуметтік, техногендік, экологиялық, табиғи, кәсіпкерлік және өзге де тәуекелдерден болған зияндарын өтеу көзі ретіндегі республикалық бюджетке түсетін ауырлықты азайту мақсатын көздеуі қажет.

Осыдан келіп, мыналарды алдын ала қарау қажет:

сақтандырудың тәуекелдерді басқарудың басқа да құралдарымен салыстырғандағы экономикалық пайдасы (мақсатты резервтер және қорлар, шығынды тікелей бюджеттен өтеу, өзін-өзі сақтандыру және басқалары);

статистикалық деректердің толыққанды базасын қалыптастыру және экономикалық бағалауға қажетті қолданыстағы деректердің болу мәселелері;

сақтандыруға тәуекелдерді қабылдаудың нақты мүмкіндігі, ол бірінші кезекте ұлттық сақтандыру нарығының көлемімен (сақтандырушыларды капиталдандырумен), тәуекелдердің табиғатымен және олардың болуынан туындайтын салдардың мөлшерімен, өндірістің қауіпсіздік және жұмыс істеу кезеңінің деңгейімен және басқа да факторлармен айқындалады;

енгізілетін міндетті сақтандыру принциптерінің сақтандырудың негізгі ережелеріне (онысы экономикалық мәнінің сақтандыру қатынастарының осы түрін ұйымдастырудың ерекше шарттарына) сәйкес келуі;

әлеуетке сақтандырушылардың сақтандыруды қаржылай қамтамасыз ету үшін қаражатының (сақтандыру қызметтерін пайдаланушы тұтынушылардың жеткілікті сатып алу деңгейінің) болуы;

міндетті сақтандыруды жүргізуді қамтамасыз ететін тиісті салалық

инфрақұрылымның

болуы;

енгізілетін міндетті сақтандыру шарттарының сақтандырудың халықаралық тәжірибеге сәйкес келуі.

2) Міндетті сақтандырудың қағидаттары

Міндетті сақтандыру түрін қолданудың аясы және оны жүргізудің құқықтық негіздері мынадай негізгі принциптерге сәйкес келуі тиіс:

сақтандырудың шарттары мен жүргізу тәртібін заң белгілейді (немесе онда жекелеген мәселелердің басқалай реттелу мүмкіндігі);

сақтандыруға жататын объектілерді түгелімен қамту;

сақтандыру қызметін жүргізудің жеткілікті түрдегі ұзақтығы (тәртіп бойынша шарт жасау міндеті сақтандыру объектісі жойылған жағдайда ғана тоқтатылады);

міндетті сақтандыруды жүзеге асырудың негізгі талаптары туралы ақпараттың ашықтығы;

сақтандырушылардың және басқа тұлғалардың шарт бойынша өз міндеттерін орындауының нақты мүмкіндігі;

сақтандыру шарты тараптарының және өзге де тұлғалардың, оның ішінде мемлекеттің жауапкершілік талаптары.

3) Мемлекеттің міндетті сақтандыру саласына қатысуы

Мемлекеттің міндетті сақтандыру саласына қатысуының негізгі мақсаты оны өткізуге бақылауды қамтамасыз ету болуы тиіс.

Осы міндеттерді іске асыру міндетті сақтандырудың сенімді жүйесін жасауды көздейді, оның негізгі буындарының бірі сақтандыру қызметін тұтынушыларға мемлекеттік кепілдік ұсыну болуы тиіс. Бұл үшін мемлекеттің осы жүйеге жанама әрі тікелей қатысуын көздейтін механизмдер пайдаланылуы тиіс.

Жанама қатысу мемлекеттің сақтандыру ұйымдарының қызметіне, оның ішінде олардың қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілеттілігіне қойылатын талаптар деңгейін көтеру, олардың міндетті сақтандыру рыногына кіруіне қосымша талаптарды белгілеуді қосқанда әр түрлі механизмдерді пайдалануын көздейді.

Мемлекеттің сақтандыру қызметін тұтынушылардың мүдделерін қорғау саласына тікелей қатысуына айырықша тиімді механизмі сақтандыру ұйымдары мұны жүзеге асыра алмаған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдеріне кепілдік беретін жүйені құруы болып табылады.

Бұл мақсатты "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 3 маусымдағы N 423-ІІ Заңына сәйкес құрылған Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының көмегімен кезеңді түрде іске асыру жобаланатын болады. Дәл осы уақытта сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне сақтандыру жағдайлары тууының жоғары мүмкіндігімен және оған қатысты олардың тууынан болатын аз мөлшерлі зиянмен сипатталатын міндетті сақтандырудың неғұрлым көп түрі енгізілген.

Перспективада сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының капиталдандырылуының өсуіне орай, міндетті сақтандырудың басқа түрлеріне де Қордың кепілдік төлемдерін және жүзеге асыру негіздемелері кеңейтілуі мүмкін.

Сақтандыру қызметін негізгі тұтынушылардың сатып алу қабілетінің төмендігі, отандық сақтандыру ұйымдарының сақтандыру мәмілелерін жасау бойынша шектеулі мүмкіндіктері және Қазақстанның сақтандыру рыногына және жалпы оның экономикасына тән басқа да объективті себептер міндетті сақтандыру, оның ішінде апатты тәуекелдермен қоса жүретін сақтандыру аясын бұдан әрі кеңейтуге мүмкіндік б е р м е й о т ы р .

Бұл жағдайлар тәуекел факторларының деңгейін төмендету жөніндегі, осы мәселелер бойынша шаралар кешенін орындау жөніндегі іс-шаралардың жеделдігі мен маңыздылығын алдын ала айқындайды.

Атап айтқанда, Қазақстан халқының қаржыны айырықша ауыр, ал көп жағдайда орны толмастай жоғалтуы табиғат апаты салдарынан, олардың тұрғын үйлерінің бүлінуі немесе жойылуына байланысты болуы мүмкін екендігін ескере келіп, республикада осы тәуекелдерді қорғауды қамтамасыз ететін жүйе құру қажет болып о т ы р .

Сондықтан Қазақстан Республикасында тұрғын үй иелеріне табиғи апаттардан болған зиянды өтеу жүйесін құруды қарау орынды болмақ.

2. Міндетті сақтандыру туралы заңнамаларды жетілдіру

"Сақтандыру міндеттілігі" туралы формальды заң нормаларын қайта қарауды қосқанда, міндетті сақтандырудың кейбір қолданыста бар түрлерін сақтаудың мәнділігін анықтау қажет болып отыр.

Міндетті сақтандыру саласының объектілері бойынша және оларды өткізудің басқа талаптары бойынша мейлінше әртүрлі сақтандыру түрлері қосылғанын (қосылуы мүмкін екендігін) назарда ұстай отырып, сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру сомаларының мөлшерін (заң, нормативтік құқықтық кесімі не сақтандыру шарты арқылы) белгілеудің мүмкін болып отырған негіздемелерін кеңейткен орынды.

Республиканың міндетті сақтандыру жүйесіне (жоспарланатын міндетті сақтандырудың жаңа түрлерін енгізуді ескере отырып) сақтандырудың 10-ға жуық түрі енгізіледі, сондықтан заңдарды жүйелеу іс-шаралары аясында елде өткізілетін жекелеген заң актілерін міндетті сақтандыру түрлері бойынша біртұтас нормативтік құқықтық актіге шоғырландырудың орындылығы туралы мәселені қарау қажет.

3. Қазақстан Республикасының халықаралық сақтандыру жүйесіне кіру және міндетті сақтандыру аясында халықаралық кесімдер жасау талаптары мен перспективаларын айқындау

Осы міндетті шешу - Қазақстанда жұмыс істеп отырған халықаралық сақтандыру схемасына интеграциялауға қажетті бірқатар шараларды жүзеге асыруды көздейді.

Жуық арадағы перспективада Қазақстанмен іргелес мемлекеттердің аумағында

көлік құралдары иелерінің азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды енгізгеннен кейін пайда болған мемлекетаралық автомобиль бағыты проблемасын ш е ш у қ а ж е т б о л ы п о т ы р .

Атап айтқанда, бұл проблемалар уақытша болатын елдің ұлттық заңдарының шетелдік автокөлік иесімен оның азаматтық жауапкершілігін сақтандыру шартын жасау міндеттілігі туралы талаптарына байланысты. Сонымен бірге ұсталатын сақтандыру сыйлықақыларының мөлшері де едәуір жоғары.

Осыған байланысты ЕурАзияЭҚ не ТМД аясында көлік құралдары жауапкершілігінің иелерінің халықаралық жүйесін құруға байланысты мәселелерді қарау қажет болып отыр. Сонымен бірге базалық модель ретінде болашақта осы жүйеге қосылуға мүмкіндік беретін "Жасыл карта" халықаралық автосақтандыру жүйесін пайдаланған орынды.

5.6. Сақтандыру рыногінің инфрақұрылымын дамыту

Сақтандыруды ұйымдастырудың маңызды элементтері, әсіресе ірі тәуекелдерді сақтандыруда сақтандыру рыногының қатысушылары - актуарийлер, сақтандырушы делдалдар (сақтандырушы брокерлер және сақтандырушы агенттер), сюрвейерлер, апаттық комиссарлар, аджастерлер (claims adjusters) және басқалар болып табылады. Бұл ең алдымен, сақтандырылатын тәуекелдерді және сақтандыру жағдайының орын алуы салдарынан шеккен зиянның мөлшерін нақты бағалауға (қаржылық, техникалық) қажеттілігіне байланысты себепші болып отыр. Сонымен бірге аталған қатысушылар сақтандыру қызметінің сапасын және олардың тұтынушыларға жеткізілуін жақсартуда ү л к е н р о л ь а т қ а р а д ы .

Сонымен қатар, қазір қазақстан сақтандыру рыногында осы тізімнен ресми түрде тек сақтандыру делдалдары мен актуарийлер ғана ұсынылып отыр. Бұл ретте сақтандыру делдалдығы мәселелері бойынша қолданылып жүрген заңдар жетілдіруді, сонымен бірге сақтандыру брокері мен сақтандыру агенті қызметінің талаптарын белгілеуді мейлінше нақтылай түсуді қажет етеді. Мұндайда сақтандыру жүйесі дамыған елдерде сақтандыру брокерлері сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы делдалдық қызметтен басқа сақтандырылатын тәуекелдерге бағалау жүргізетінін, шығынды реттеуге байланысты мәселелерді өздеріне алатындығын ескеру қажет.

Сақтандыру рыногының аталған қатысушыларының қызметтік мақсаты оларды міндетті сақтандыру схемасына, әсіресе ірі тәуекелдерді сақтандыруға байланысты түрлері бойынша тарту қажеттігін көрсетеді.

Сақтандыру рыногының әр қатысушысының қызметі мен өкілеттігін заңды түрде белгілеу және олардың қалыптасуы мен дамуы үшін басқа да алғышарттар жасау керек.

2003 жылы құрылған экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі алда мемлекеттік сақтандыру корпорациясын қалыптастыру және дамыту жөнінде кешенді шараларды жасау керек болып отыр. Аталған сақтандыру ұйымының

негізгі міндетті отандық экспортерлер мен инвесторларды саяси және кәсіпкерлік тәуекелдерден сақтану қорғанысын қамтамасыз ету болып табылады.

Сондай-ақ 2003 жылы құрылған, халықтың ипотекалық кредит беру жүйесіне кіруін кеңейту арқылы халықты тұрғын үймен қамтамасыз етілуін көтеру және оның қызмет ету сапасын жақсарту мақсатын көздеген (оның ішінде кредит беру мерзімін ұзарту, кредиттер мөлшерін ұлғайту, проценттік ставкаларды және бастапқы жарна мөлшерін төмендету) Қазақстан ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қоры қызметінің мәселелерін қарау қажет.

Атап айтқанда, аталған қорды сақтандыру ұйымына қайта ұйымдастыру көзделуде, бұл қолданылып отырған сақтандыру заңдарына өзгерістер енгізуді талап етеді. Ең алдымен, бұл тәсіл негізінен халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді. Атап айтқанда, Еуропалық кеңестің директивалары сақтандыру кредиттерін, оның ішінде ипотекалық кредиттерді сақтандыру ұйымдарының жүзеге асыратынын болжалдайды.

Ипотекалық сақтандыру заемшының төлем қабілетсіздігі ықтимал болған кезде кредиттік тәуекелді төмендету құралы болып табылады, сондай-ақ кепілге берілген мүлікті сату кезінде жылжымайтын мүлік рыногындағы бағаның ауытқуының кредиторды шығынға душар етуге әкелуі және оның осыған душар болуының халықаралық тәжірибеде оны жүргізудің негізгі принциптерінің бірі заемшының бастапқы жарна бөлігінде (top-tier) сақтандырушы болып табылады.

Ипотекалық сақтандыру кредиторлардың қаржылық тұрақтылығына тікелей ықпал ететінін және өзара тығыз қарым-қатынаста болатынын ескере отырып, ипотекалық сақтандыруды жүзеге асыру принциптерін заң шығару деңгейінде белгілеу мәселелері, оның ішінде ипотекалық сақтандыруды жеке сақтандыру сыныбы ретінде бөліп көрсету арқылы қарауды талап етеді. Мұндайда ипотекалық кредиттерді беруге байланысты тәуекелдерді сақтандыру мүліктік сақтандырудың басқа түрлері бойынша жүзеге асырылмауы тиіс.

Айтылғандарды ескере отырып, ипотекалық сақтандыруды (капиталдандыру деңгейі, сақтандыру резервтерін қалыптастыру тәртібі) жүзеге асырушы сақтандыру ұйымдарының қызметіне арнайы талаптар белгілеу қажет. Ең алдымен бұл сапалы және тартымды ипотекалық сақтандыру рыногының қалыптасуына ықпал ететін осы сақтандыру ұйымдарының төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылық деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, сақтандыру рыногының түрлі кәсіби қатысушыларын (сақтандыру агенттері, актуарийлер, апат комиссарлары және басқалар) біріктіретін сақтандыру рыногындағы өзін-өзі реттейтін ұйымдарды (ӨРҰ) дамытуға ерекше көңіл бөлу қажет. Сақтандыру рыногының жекелеген кәсіби қатысушыларына лицензия беру және рынокқа кіруіне рұқсат беруді осы өзін-өзі реттейтін ұйымдарға беру жоспарланып отырғанын ескерсек, осы проблеманың айырықша мәнге ие болатынын байқаймыз.

5.7. Сақтандыру рыногының есебін автоматтандыру және оны ақпараттандыру

Сақтандыру рыногының кәсіби қатысушыларының қызметін, сонымен бірге бухгалтерлік есеп жүргізу саласын автоматтандыру және ақпараттандыру елдегі сақтандыру рыногын дамытудың осы кезеңіндегі маңызды міндеттердің бірі болып т а б ы л а д ы .

Ең алдымен, автоматтандырылған жүйені ендіру сақтандыру рыногының кәсіби қатысушылары жүргізетін операциялардың сенімділігі мен айқындығын көтеруге мүмкіндік береді, қызметкерлердің күнделікті еңбегін жеңілдетеді, ақпаратты жасау, өңдеу және талдау процестерін жеделдетеді.

Осы мақсатпен сақтандыру рыногының кәсіби қатысушыларымен олардың бірлестіктерімен бірлесе отырып бухгалтерлік есепті жүргізуге мүмкіндік беретін және қаржылық есепті автоматтандырылған тәсілмен жүргізетін автоматтандырылған ақпарат жүйесі (бағдарламалық қамтамасыз ету) бойынша жұмыс жүргізу қажет.

Бұл ретте бастапқы кезеңде стандартты бағдарламалық қамтамасыз ету мыналарды қ а м т а м а с ы з е т у і т и і с :

- 1) барлық филиалдар мен өкілдіктерді (болған жағдайда) ескере отырып автоматтандырылған ақпарат жүйесіне ендірілген Бас бухгалтерлік кітапты жүргізу;
- 2) барлық жасалатын операциялар бойынша қосалқы бухгалтерлік есепті жүргізу;
- 3) қолданылатын автоматтандырылған ақпараттық жүйенің сенімділігі мен қ а у і п с і з д і г і .

Бұдан басқа, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында стандартты бағдарламалық қамтамасыз етуді және оған сақтандыру статистикасының деректер базасын жүргізу, талдау бойынша қойылатын талаптарды эзірлеу қажет. Бұл шаралар сақтандыру резервтері есебінің рәсімдерін жеңілдетуге және оңайлатуға мүмкіндік береді, актуарийлер растаған олардың есептері міндетті болып табылатындығы және сақтандыруды қадағалау органына тұрақты негізде ұсынылып отыратындығы ескеріледі.

5.8. Кадрлық әлеуетті дайындау

Отандық сақтандыру рыногының жедел дамуы және оның әлемдік сақтандыру кеңістігіне кіру қажеттігі сақтандыру индустриясы кадрларының кәсіби біліктілігін түбегейлі түрде көтеру қажеттілігін қойып отыр.

Қазіргі уақытта сақтандыру ұйымдарының басшыларының және мамандарының мейілінше көпшілігінің не арнайы білімі, не сақтандыру ісі саласында жеткілікті тәжірибесі және білімі болмай отыр. Бұл сақтандыру ұйымдары менеджерлерінің дұрыс тарифтік және инвестициялық саясат белгілеуіне, оңтайландырылған сақтандыру портфелін және тағы сол сияқтыларды қалыптастыруда көрініс беріп, нәтижесінде сақтандыру ұйымының тұрақтылығына, олар көрсеткен қызметтің саны мен сапасына т е р і с ә с е р е т і п о т ы р .

Сақтандыру индустриясы кадрларының басым бөлігінің кәсіби дайындығының болмау проблемалары негізінен республикада сақтандыру саласы бойынша

мамандандырылған ғылыми-зерттеу және білім беру орталықтарының болмауына байланысты. Бүгінгі күні сақтандыру мәселелерін зерттеу заң және экономикалық жоғарғы оқу орындарындағы жекелеген пәндермен (сақтандыру ұйымдарындағы бухгалтерлік есеп, сақтандыру құқығы және басқалар) шектеліп отыр.

Сақтандыру ұйымдары мамандарының қайта даярлау және кәсіби деңгейін көтеру жөніндегі біртұтас бағдарламаның болмауы осы мәселелерді әр сақтандыру ұйымының жеке өз аясында шешуге мәжбүр етіп отыр, бұл ірі материалдық және өзге де шығындармен байланысты. Сондықтан өз қызметкерлерін шетелде оқытуды немесе осы мақсат үшін шетелдік мамандарды таратуды тек ірі сақтандыру ұйымдары ғана ұйымдастыра алады.

Сақтандыру саласындағы кадрларды кәсіби даярлауға қатысты осы және басқа проблемаларды шешу мақсатында мынадай негізгі міндеттерді шешу қажет:

1. Сақтандыру рыногы қызметкерлерін қайта даярлау және біліктілігін көтеруді орта және жоғары кәсіби білім беру жүйесі, оқу-практикалық конференциялар, курстар, оқу орталықтары, семинарлар және басқа оқыту нысандары жүйесі арқылы жүзеге асыру.

Бұл жұмыс Қазақстан сақтандырушыларының қоғамдық бірлестігі жасаған тиісті оқу бағдарламасы негізінде жүргізілуі тиіс. Осы міндетті іске асыру мақсатында сақтандырушылардың қоғамдық бірлестігі жанынан қарасты оқу орталығын барлық сақтандыру ұйымдарының үлестік қатысы есебінен құру туралы мәселені қарау қажет.

2. Орта және жоғары кәсіби оқу орындары базасында сақтандыру ісі мамандарын дайындау жөніндегі орталықтар құру.

Осы міндетті іске асыру тиісті оқу орындарында тұрақты жұмыс істейтін сақтандыру ұйымдары қызметкерлерінің оқыту, біліктілігін көтеру және қайта даярлау курстарын ашу мәселесін, сондай-ақ "сақтандыру" мамандығы бойынша оқыту топтарын ашу мәселесін зерттеуді көздейді.

3. Халықаралық бағдарламаларды және халықаралық қаржы, сақтандыру және басқа ұйымдардың мүмкіндіктерін мамандарды даярлау және біліктілігін көтеру мақсатында барынша пайдалану.

5.9. Сақтандыруды қадағалауды дамыту және тиімділігін арттыру

5.9.1. Сақтандыру заңнамаларын Еуропа Одағының Директиваларымен және Сақтандыруды Қадағалаудың Халықаралық Қауымдастығының сақтандыруды қадағалау қағидаттарымен және стандарттарымен кезең-кезеңмен үйлестіру

Қолданылып жүрген сақтандыру заңдары сақтандыру секторын реттеудің мейілінше тиімді құралы болып табылады, бұл ретте ол уәкілетті мемлекеттік органның тәуелсіздігін және жеткілікті өкілдіктерін қамтамасыз етіп отыр. Сақтандыру қатынастарының қатысушылары арасындағы өзара қарым-қатынастар және сақтандыру қызметін ұйымдастырудың көптеген мәселелері реттелді.

Сонымен бірге, жаңа сақтандыру өнімдерді және оны іске асыру технологиялары

дамуда, сақтандырудың кәсіпкерліктің бір түрі ретінде даму үрдістері, әлемдік сақтандыру рыногына мейлінше интеграциялануы, сөйтіп халықаралық сипатқа ие бола бастағандығы көзге түсуде. Осыған байланысты, экономиканың осы секторын реттеу әдістері халықаралық стандарттар мен принциптерді ескере отырып жетілдіруді талап е т у д е .

Белгілі болып отырғандай, реттеудің негізгі міндеттері мыналар болып табылады: сақтандыруды қадағалау органының сақтанушылардың заңды мүдделерінің қорғауының тиімділігін арттыру, яғни сақтандыру ұйымдарының өздерінің алдындағы міндеттерін орындайтынына сенімді болуы тиіс, сондай-ақ сақтандыру рыногындағы бәсекелестік ортаны қолдау және оның инфрақұрылымын сақтандыру ісін ұйымдастырудың халықаралық тәжірибесіне сәйкес дамыту.

Өз кезегінде сақтандыру рыногындағы қызметке бірдей талаптар қою сақтанушылар үшін ұсынылатын сақтандыру қызметі құнының төмендеуіне және тізбесінің ұлғаюына, сапасының артуына мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталған проблемаларды шешу Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңдарының сақтандыру қызметін реттейтін еуропалық директивалармен және Сақтандыруды қадағалаудың Халықаралық Қауымдастығының сақтандыруды қадағалау стандарттарымен және негізгі принциптерімен кезең-кезеңімен үйлесуіне мүмкіндік береді.

Осы мақсат үшін, яғни тиімді, әділ және тұрақты сақтандыру рыногын дамытуға ықпал ететін, сондай-ақ түрлі елдердің қадағалау органдарымен қарым-қатынасты одан әрі дамытуға бағытталған қазақстандық сақтандыру заңдарының халықаралық стандарттармен өте жоғары дәрежедегі сәйкестігін қамтамасыз ету қажет.

5.9.2. Сақтандыру делдалдығын реттеу

Қазіргі уақытта сақтандыру делдалдары қызметінің талаптары іс жүзінде реттелмей қалып отыр. "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес сақтандыру брокерлері мен сақтандыру агенттері қызметінің талаптары және тәртібі аталған Заңның 17 және 18 баптарымен ғана реттеліп отыр.

Сонымен бірге сақтандыру рыногы субъектілерінің қызметін реттейтін және қадағалайтын уәкілетті орган тарапынан делдалдардың сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарымен және сақтанушылармен (сақтандырылғандармен, тиімді сатып алушылармен) өзара қарым-қатынасы Қазақстан Республикасы Заңдарының талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік, құжат айналымына.

Делдалдар қызметіне бақылаудың және талаптардың болмауы олардың заңға қарсы әрекеттер мен операциялар жасауына теріс мақсатта пайдалануына мүмкіндік беруде.

Айтылғандарды, сондай-ақ сақтандыру делдалдары қызметіне бақылауды жүзеге асыруды көздейтін халықаралық тәжірибені ескере отырып, сақтандыру делдалдары қызметін нақты реттеу, заңды тұлғалардың қолданылып жүрген заңдарға тиісінше өзгерістер мен толықтырулар енгізу және нормативтік құқықтық актілер әзірлеу

арқылы сақтандыру агенттіктерін құруға және қызмет ету талаптарын белгілеуіне мүмкіндік беру саласында жұмыстар жүргізген жөн.

5.9.3. Сақтандыруды қадағалаудың жаңа қағидаттарын енгізу

Қазіргі уақытта сақтандыру қызметін реттеу мен қадағалау жалпы алғанда, қадағалау субъектілерінің белгіленген нормативтерді, оның ішінде пруденциалдық реттеу деп аталатын пруденциалдық нормативтерді орындауды тексеру негізінде жүзеге асырылады. Бұл әдіс бұрыннан бар проблемаларды және оны шешудің (жоюдың) алдағы тәсілдерін іздестіруден тұрады. Осы әдіс қаншалықты қажет болғанымен, көптеген елдердің тәжірибесін ескере отырып, оның ең негізгі кемшіліктерінің бірі, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында қандай-да бір проблема пайда болған жағдайда оны нәтижелі шешуге күш салудың өте кеш болатынын атап айтқан жөн.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін қадағалау мен реттеу жүйесін жетілдіру мақсатында компанияларда орын алуы мүмкін тәуекелдердің жаңадан пайда болу кезеңінде анықтауға қабілетті реттеуші жаңа әдістер мен механизмдерді әзірлеу қажет.

Қадағалаудың тиімділігі проблемасын шешудің бір жолы - проблема нақты болғанға дейін-ақ (оның ішінде пруденциалдық нормативтерді бұзу) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметін бір ізге түсіріп, тәуекелді төмендетуге арналған тәуекелді бағалауға негізделген қадағалау тұжырымдамасын (Risk - Bosed Super-vision) пайдалану болып табылады.

Тәуекелдерді бағалау негізіндегі қадағалауды әр сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өз қызметі душар болатын құрылымдық процесс немесе негізгі тәуекелді анықтауға және жіктеуге бағытталған дәйекті құрылымдық процесс немесе дәйекті реттеу рәсімдерінің кешені тәуекелдерді бағалау және осы тәуекелдер туралы ескерту, төмендету немесе алдын алу жөніндегі іс-шаралардың бағдарламасын әзірлеу үшін құралдарды іріктеу деп сипаттауға болады.

Қаралып отырған тұжырымдаманы пайдаланатын елдердегі (оның ішінде АҚШ) зерттеулер қорытындысы бойынша мыналар анықталды, бірге алынған аз ғана коэффициенттер мен ара-қатынастар (12-ден - 15-ке дейінгі шекте) арқылы сақтандыру ұйымдарының төлем қабілеті жоқ болып қалғанға дейінгі екі жыл ішінде жағдайсыз болып қалуының 75%-ін, және тіпті әрі кеткенде, банкрот болардан 1 жыл бұрын жағдайсыз болып қалуының 95%-ін болжауға болады.

5.9.4. Сақтандыру қызметін реттеу мен қадағалауды одан әрі жетілдіру

Сақтандыру қызметін реттеу мен қадағалауды одан әрі жетілдіру жөніндегі негізгі міндеттерді іске асыру шеңберінде сақтандыру ұйымдары жүзеге асыратын қызметке тікелей ықпал ететін қолданыстағы заңдар базасы мен заң аясындағы нормативтік құқықтық актілерге сараптама жасалуы, кейіннен сақтандыру қызметіне реттеу мен қадағалау жасайтын уәкілетті органның қолданылып жүрген заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуді жүзеге асыруы тиіс.

Атап айтқанда, осал бағытта мынадай міндеттерді қарау жоспарланып отыр: сақтандыру қызметін реттеудің ұлттық режимі мен халықаралық принциптер мен стандарттардың жақындасуын республиканың Дүниежүзілік Сауда Ұйымына интеграциялануы қажеттігін, оның ішінде шетелдік қатысуды шектеуді кезең-кезеңімен төмендету арқылы ескере отырып қамтамасыз ету;

сақтандыру ұйымдары мен сақтандыру брокерлерінің қайта сақтандыру қызметін қадағалауды Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру брокерлерінде кредиттік рейтингтердің (Credit Rating) міндетті түрде болуын талап етуді белгілеу ж о л ы м е н к ү ш е й т у ;

сақтандыру рыногы қатысушыларының (апат комиссарларының, аджастерлердің, андеррайтерлердің, сюрвейерлердің, диспашерлердің және басқалардың) құқықтық негізін нақтылау, сақтандыру брокерлері мен сақтандыру агенттерінің қызметін шектеу ж ә н е н а қ т ы л а у ;

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық тұрақтылығы және төлем қабілеттілігі талаптарын одан әрі дамыту;

актуарийлердің, ішкі және сыртқы аудиторлардың қызметін пайдалануға нұсқаларды, сондай-ақ делдалдар мен сақтандыру агенттерінің өзара қарым-қатынасын реттейтін сақтандыру ұйымының ішкі ережелеріне қойылатын талаптарды әзірлеу;

корпоративті басқару және тәуекелдерді басқару жүйелеріне, оның ішінде жүзеге асырылатын операциялардың нақты ретінің болуына қойылатын талаптар әзірлеу;

сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есеп жүйесін жетілдіру және қаржы қызметінің ай қ ы н д ы ғы н а р т т ы р у ;

сақтандыру тарифтерінің есептеу тәртібіне қойылатын талаптарды белгілеу; сақтандыру рыногының кәсіби қатысушыларын құрған, лицензиялаған, келіскен кезде белгіленетін талаптарды басқа қаржы ұйымдарына қойылатын мынадай талаптармен салыстыра отырып бірегейлендіру және стандарттау;

тәуекелдерді бағалау жүйесіне негізделген алдын-ала ескерту тестерін жүргізу; деректерді жинау және өңдеу жүйесін автоматтандыру.

5.9.5. "Өмірді сақтандыру" саласындағы сақтандыру ұйымдарының қызметін реттеу мен қадағалаудың тиімділігін арттыру

Сақтандыру рыногі субъектілерінің қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган алдында өмірді сақтандыруды дамытуды одан әрі ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасы заңдарының жекелеген талаптарын қайта қарау, оның ішінде сақтандыру ұйымдарының "өмірді сақтандыру" бойынша және жалпы алғандағы нормалары мен лимиттерін қадағалау жөніндегі пруденциалдық және басқа міндетті нормативтерді, сақтандыру бизнесінің ("жалпы сақтандыру" және "өмірді сақтандыру") түрлі саласындағы қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарын қадағалауды жүзеге асыруға арналған тәсілдерін бөлу міндеті тұр.

"Өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызмет атқаратын сақтандыру ұйымдарының

дамуын айқындайтын фактор - ұзақ мерзімді бағалы қағаздардың толыққанды отандық рыногының болуы болып табылатынын айта кету қажет.

Бұл проблема "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызмет атқаратын сақтандыру ұйымдары үшін айрықша мәнді ұзақмерзімді қаржы құралдарының дамуымен байланысы бар кең ауқымды іс-шаралар кешенімен, оның ішінде ел Үкіметінің қатысуымен шешілуі тиіс жалпы проблемалардың бірегейі болып табылады.

5.9.6. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына ішкі басқару жүйесін ендіру

5.9.6.1. Корпоративті басқару

Кез-келген шаруашылық жүргізуші субъектінің, сондай-ақ жеке тұлғаның қызметі тәуекелмен байланысты. Экономикалық ұғым бойынша, тәуекелмен төмен рентабельдік немесе экономикалық шығындар арқылы зиянға душар ететін қолайсыз жағдайдың орын алуы ықтималдығы.

Сақтандыру ұйымдары қызметінің негізгі түрі басқа тұлғалардың тәуекелдерін өзіне қабылдауы екенін ескере отырып және сондықтан онда осындай тәуекелдердің басым бөлігі топтасатындықтан, бара-бар реттеу қажеттілігі, сондай-ақ корпоративті басқару жүйесін ендіру негізінде сақтандыру ұйымдары қызметінің тиімділігін арттыру қажеттігі пайда болады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында корпоративті басқару жүйесін ендіру - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын жеке дамыту әрі жалды сақтандыру рыногын дамытудың мейлінше өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Корпоративті басқарудың, шағын жүйесі ретінде акционерлер, директорлар кеңесі және басқарма арасында жарғымен, регламентпен компанияның ішкі ресми саясатымен белгіленген өзара қарым-қатынастар жүйесі танылады.

Бұл салаға сақтандыру рыногындағы ішкі аудит қызметінің, байқау кеңесінің, тәуекелдерді басқарудың толыққанды жүйесінің, өтімділікті басқару жүйесінің, инвестициялық, дивидендтік саясаттың және басқаларының болу талаптары кіреді. Қоғамның басқарушы органы - Директорлар кеңесінің, қоғамның атқарушы органы - Басқарманың және Басқарма Төрағасының белгіленген және бекітілген өкілдіктерінің, сондай-ақ компания қызметкерлерінің ішкі рәсімдермен және саясат арқылы белгіленген қоғамның шешімдері мен қаулыларын сақтандыру ұйымдарының барлық қызметкерлерінің нақты орындайтын қызметтік нұсқаулықтарының болуы және олардың қолданылуын реттеу айрықша орын алады.

Корпоративті басқару жүйесі сақтандыру ұйымы қызметінің түрлі процестерінің жан-жақты сипатталуының (формализациялау) болуын болжалдайды.

Қазақстанда корпоративті басқару жүйесін дамыту мақсатында оны кең ауқымда ендіруге байланысты мәселелер осы басқару үлгісін барлық компаниялар мен корпорациялар іс жүзінде тиімді пайдаланып отырған басқа елдердің тәжірибесін

талдауды және зерттеуді талап етеді.

Сондай-ақ "Корпоративтік мінез-құлық кодексінің" нормалары мен ұсыныстарын іс жүзінде ендіру және қолдану бойынша іс-шараларды жүзеге асыру міндеті тұр.

5.9.6.2. Тәуекелдерді басқару жүйесі

Компанияның орын алуы мүмкін тәуекелдерін олардың алғашқы пайда болу кезеңінде анықтау, сондай-ақ жалпы рынокта, әрі компанияның ішінде жағдайдың өзгеру мүмкіндігін ескере отырып, кәсіпорынның дамуын болжау қажеттілігі мақсатында, корпоративтік басқару жүйесінің маңызды бір құрамдас бөлігі ретінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тәуекелдерін басқару жүйесін (risk management) енгізу қажет болып отыр.

"Тәуекел менеджментінің" мақсаты тәуекелдерді талдау және анықтау, оларды бағалау және жіктеу құралдарын таңдау жөніндегі сабақтас іс-әрекеттердің кешенін ұйымдастыру, оларды ескерту, төмендету немесе алдын-алу және осы бағдарламаларды пайдалану жөніндегі іс-шаралар бағдарламасын әзірлеу болып табылады.

Тәуекелдерді басқару компанияның ірі қолайсыз факторлар алдындағы қаржылық осалдығын ескертуді қамтамасыз етуі тиіс.

Сақтандыру компаниясының тәуекел менеджмент жүйесін құру кезінде іс жүзінде қаржы-шаруашылық қызметінің барлық бағыттары бойынша тәуекелдердің пайда болуының және ықпал етуінің күрделі сипатын ескеру қажет.

Тәуекелдерді басқару процесі жалпы алғанда мынадай кезеңдерден өтеді:

тәуекелдерді анықтау;

тәуекелдерді жіктеу;

тәуекелдерді бағалау;

басқару әдістері мен құралдарын анықтау;
таңдап алынған әдістерді нақты іске асыру.

Бұл ретте мынадай көпбағыттылық, жеделділік, объективтілік, кешенділік принциптеріне негізделген менеджмент тәуекелі жүйесі неғұрлым тиімдірек деп ұсынылып отыр.

Сақтандыру компаниясына ұсынылып отырған тәуекел менеджмент жүйесі сақтандыру рыногын дамытудың қазіргі кезеңдегі талаптарына сай тәуекелге қарсы басқарудың функционалды механизмі болып табылады. Тәуекелдерді басқару проблемасына аз көңіл бөлініп отырғанына қарамастан, болжанып отырған сақтандыру операцияларының көлемі мен бәсекелестіктің өсуінің күшеюі отандық сақтандыру ұйымдарында тәуекел-менеджменттің даму проблемаларын жақын арада шешу қажеттігін айғақтап отыр.

Қазақстан Республикасының банк секторында тәуекелдерді басқару жүйесін ендіру бойынша осындай жұмыстардың жүргізіліп келді және жүргізілгендігі және жүргізіле беретіндігі белгілі. Осы орайда, банктердегі тәуекелдерді басқару жүйесін ендірудің практикалық тәжірибесі сақтандыру ұйымдары үшін пайдаланылуы мүмкін.

5.10. Қайта сақтандыру және ортақ сақтандыру рыноктарын дамыту

Отандық сақтандырушылардың сақтандыру тәуекелдерін, әсіресе ірілерін қабылдау мүмкіндіктері шектеулі болжап отырған жағдайында ортақ сақтандырудың және қайта сақтандырудың рөлі бірнеше мәрте өседі.

Қайта сақтандыру сақтандырушының төлем қабілеттілігін және қаржылық тұрақтылығы деңгейін көтерудің тиімді механизмдерінің бірі болып табылады, сондай-ақ тура сақтандырушының сақтандыру тәуекелін қабылдауына қосымша мүмкіндіктер береді.

Отандық қайта сақтандыру рыногының тиісінше дамымауы себепті қазақстандық сақтандырушылар тәуекелдерінің үлкен бөлігі шетелдік қайта сақтандыру рыногында орналастырылып отыр. Қазақстанда әзірше қайта сақтандыруды айырықша қызмет түрі ретінде жүзеге асыратын бірде-бір ұйым (қайта сақтандыру ұйымы) жоқ.

Қазіргі уақытта шетелге қайта сақтандыруға берілетін сыйлықақылар үлесінің көрсеткіші жиналған сақтандыру сыйлықақыларының 54%-н құрайды. Істің мұндай жағдайын сақтандырушылардың қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілеттілігіне қолдау көрсетудің, отандық сақтандыру қызметін көрсету рыногының әлемдік кеңістікке интеграциялануының және озық сақтандыру технологиясы мен жаңа сақтандыру өнімдерінің келуінің қажеттігі тұрғысынан оң қарауға болады. Екінші жағынан, бұл қазақстандық сақтандыру рыногын барынша әлсіз және ауқымды қайта сақтандыру рыногының өзгергіштігіне тәуелді етеді.

Сақтандырушылардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етудің тағы бір механизмі ортақ сақтандыру, яғни бір тәуекелді бірнеше сақтандырушының бірлесіп сақтандыруы (сақтандыру пулі) болып табылады. Ортақ сақтандыру арқылы ірі немесе елеусіз және жаңа тәуекелдер көбірек сақтандырылады. Халықаралық тәжірибеде пулдік сақтандыру апатты тәуекелдерді сақтандыру кезінде барынша жиі қолданылады.

Ортақ сақтандыру механизмі Қазақстанда қазірше іс жүзінде кеңінен қолданыс тапқан жоқ.

Осыны ескере отырып, мемлекеттің қайта сақтандыру және ортақ сақтандыру механизмдерін дамытуды ынталандыру бойынша бірқатар нақты шараларды қолға алғаны жөн. Бұл ретте бірінші кезекте, оны жүргізудің құқықтық негізін жасау керек. Мұнда әңгіме қолданыстағы сақтандыру заңдарын жетілдіру қажеттігі туралы болып отыр, олар қазіргі кезде қайта сақтандыру шарттарының және қайта сақтандыру қызметінің бүкіл ерекшеліктерін ескермеген. Атап айтқанда, алда қайта сақтандыру шарттарының стандартты ережелерін айқындау, қазақстандық қайта сақтандыру рыногының іскерлік айналымы дәстүрлерінің жиынтығын қалыптастыру міндеті тұр.

Алдымызда капиталды заңсыз аудару және ақшаны жылыстату үшін трансшекаралық қайта сақтандыру операцияларын ескерту және пайдалануды болғызбау мақсатында қайта сақтандыру қызметіне тиісті бақылауды қамтамасыз ету

мәселесін қарау міндеті тұр.

Соңғы жылдары байқалып жүрген сақтандыру ұйымдарының капиталдандыру деңгейінің ұлғаю және олардың қаржылық жағдайының нығаю үрдісін ескере отырып сақтандырушының қолданылып жүрген заңдарда белгіленген жеке ұсталымдары лимитінің мөлшерін ұлғайтудың ақылға сыйымдылығын қарау қажет. Осы шара ұлттық сақтандыру рыногының сыйымдылығын ұлғайтуға және валюта құралдарының трансшекаралық қайта сақтандыру арналары бойынша шетелге кетуін қысқартуға мүмкіндік береді.

Сақтандыру ұйымдарының сақтандыру пулдеріне міндетті қатысуы туралар талапты сақтандыру ұйымдарының аса ірі тәуекелдерді сақтандыруға қабылдауды көздейтін міндетті сақтандырудың жекелеген түрлерін жүргізуге рұқсат берудің қосымша шарты ретінде пайдалануға болады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) пулдерімен бірлескен сақтандыруды жүзеге асыру талаптарын, оның ішінде сақтандыру шартын жасау, сақтандыру тәуекелінің мөлшерін анықтау, жауапкершілікті бөлу, өзара есеп айырысуды ұйымдастыру және т.б. тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жылдың қалыптастыру қажеттігі бар.

5.11. Салық салуды жетілдіру

Халықтың және шаруашылық жүргізуші субъектілердің мүдделерін қорғаудың негізгі құралы ретінде сақтандыру жүйесінің қалыптасуы мемлекет тарапынан тиісті салық салу режимін құруды талап етеді.

Сақтандыру институты әлеуметтік-экономикалық жүйенің органикалық элементі ретінде біртіндеп өскен дамыған елдерден айырмашылығы қазақстан экономикасында сақтандыруды дамыту жылдамырақ қарқынды талап етеді.

Осыған байланысты сақтандыру жүйесін жедел дамыту жолдарының бірі сақтанушыларға, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына салық салу жүйесін жетілдіру болып табылады.

6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері

Осы Бағдарлама мемлекеттің, оның орталық салалық органдарының, сақтандыру рыногы субъектілерінің және оның инфрақұрылымының отандық сақтандыру индустриясын дамыту жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу және іске асыруға жан-жақты қатысуын көздейді.

Бағдарламада белгіленген міндеттердің басым бөлігі тиісті нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру арқылы шешіледі, ол бюджет қаражатынан қосымша шығынды талап етпейді.

Сақтандыру ұйымдарының және сақтандыру рыногының өзге де субъектілерінің мамандарын даярлау, қайта даярлау және кәсіби деңгейін көтеру жөніндегі іс-шараларды іске асыру үшін шетелдік сарапшыларды және халықаралық қаржы және өзге де ұйымдардың гранттарын, сондай-ақ рыноктың кәсіби қатысушыларының өздерінің қаражатын тарту көзделуде.

Мөлшері 2005 жылғы бюджетте анықталатын, республикалық бюджет қаражатын талап ететін Мемлекеттік аннуитет компаниясын құру туралы ел Үкіметінің шешімін қабылдау.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Осы Бағдарламаны іске асыру:
ұлттық сақтандыру индустриясының тұрақтылығын және сенімділігін нығайтуға, елде жеке сақтандыруды дамытуға бастапқы негіз қалауға;
міндетті сақтандырудың тиімді жүйесін құруға мүмкіндік беретін ұлттық экономиканың басым салаларының қажеттіліктерін халықты әлеуметтік қолдауды ескере отырып міндетті сақтандыру саласында ұзақ мерзімді мемлекеттік саясатты ж а с а у ғ а ;

сақтандыру рыногының толыққанды инфрақұрылымын құруға қолдау көрсетуге, сақтандыру саласында кадрлық әлеуетті жақсартуға;
жаңа сақтандыру өнімдері мен технологияларды ендіруді жандандыруға, сақтандыру қызметінің сапасын жақсартуға және оның тізбесін кеңейтуге;
сақтандыру рыногы субъектілерін қадағалау мен реттеу стандарттарын көтеруге;
ұлттық сақтандыру рыногын халықаралық рыноктарға интеграциялау процестерін және сақтандыру (қайта сақтандыру) схемасын тереңдетуге мүмкіндік береді.

Міндетті сақтандырудың жаңа түрлерін ендіруді және жеке сақтандыру жөніндегі қызметті жандандыруды ескере отырып сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі 2005 жылға қарай 2003 жылмен салыстырғанда орташа алғанда 100%-ке көбейді , 2006 жылы 2-2,5 есе, 2007 жылға қарай -3-3,5 есе ұлғаяды.

Сақтандыру сыйлықақыларының көлемінің ұлғаюы оның жалпы ішкі өнімдегі үлесінің 2003 жылы 0,6%-тен 2004 жылы 1%-1,2%-ке, 2005 жылы 1,4%-1,6%-ке және 2006 жылы 2%-ке ұлғаюына алып келеді.

Сақтандыру ұйымдарының жиынтық активтері, осы кезеңде 2 еседей өседі, бұл сақтандыру рыногының инвестициялық әлуесін 40 млрд. теңгеге дейін дерлік ұлғайтуға м ү м к і н д і к б е р е д і .

Ұлттық сақтандыру индустриясының дамуы жалпы мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қажетті алғышарттарды құруға жағдай жасайды.

8. Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. 8-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.28. 340 қаулысымен.

1. Жеке сақтандыруды дамыту

P/c N	Іс-шаралар	Аяқталу нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындалу мерзімі	Болжамды шығыстар	Қаржы. ландыру (млн. көздері теңге)
----------	------------	--------------------	--------------------------	-----------------------	------------------------	--

1	2	3	4	5	6	7
---	---	---	---	---	---	---

1. Өмірді жинақтаушы Қазақ. ҚҚА (келі. 2004- Талап
сақтандыруды және стан сім бойын. 2006 етілмейді
аннуитеттер жүйе. Респу. ша), ЭБЖМ, жылдар
сін дамыту жөнінде блика. ҚарМ, ҚҰБ ішінде
ынталандырулар, сының (келісім
оның ішінде осы Үкіме. бойынша)
саладағы сақтан. тіне
дыру қатынастары ұсыныс.
үшін салық режимін тар,
жақсарту және ұзақ норма.
мерзімді қаржы тивтік
құралдарын дамыту құқықтық
арқылы ынталанды. кесім.
рулар жасау дердің
ж о б а .
лары

2. Жеке сақтандыру Заң ҚҚА 2005 Талап
мәселелері бойынша жобасы (келісім жыл етілмейді
сақтандыру және бойынша)
сақтандыру қызметі
туралы заңдарды
жетілдіру

3. Мемлекеттік анну. Қазақ. ҚҚА (келі. 2005- Мөлшері
итет компаниясын стан сім бойын. 2006 2005
құрудың мақсат. Респу. ша), ЕХӘҚМ, жылдар жылғы
тылығын қарау және блика. ҚарМ, ҚҰБ бюджетте
оны құру бойынша сының (келісім анықта.
ұсыныстар дайындау Үкіме. бойынша) латын
тіне респуб.
ұсы. ликалық

4. Жаңа сақтандыру технологиялары мен өнімдерін нушыға өз дарын мүмкіндік ражаты Нормативтік (сақта. салым. басқаруға мүмкіндік беретін пайдаға полистер linked) ҚҚА (келісім бойынша) жыл (келісім бойынша) 2005 жыл етілмейді екінші тоқсан дердің жобалары қатысушы (unit-ендіру)

2. Халықтың сақтандыру мәдениетін көтеру

1. Сақтандыру қызметін тұтынушылардың құқықтарын діру сақтандыру ниетін жөніндегі раттық-түсіндіру жұмысын жариялау
- Баспасөз конферен. түсін. және мәде. көтеру ақпараттық-түсіндіру жандандыру
- ҚҚА (келісім қияларын халықтың мәде. ниетін көтеру ақпараттық-түсіндіру жандандыру
- Ай сайын (келісім қияларын халықтың мәде. ниетін көтеру ақпараттық-түсіндіру жандандыру
- Талап етілмейді бойынша) өткізу, баспа. сөз-рел. издерін, мақала. лар мен сөйлей. тін сөз. дерді БАҚ - қа
2. Қазақстан Респу. бликасының сақ. тандыру көрсету заңсыз анықтау жолын ішінде
- Бақылау ұйымдас. қызметін рыногында қызметті және оның кесу, уәкілетті
- ЭСЖҚҚА, ПМ, Бас тыру және ралар қабыл. дау, ҚҚА-не
- Тұрақты Талап етілмейді прокуратура ша. (келісім бойынша), ҰҚК (келі. сім бойын. ша), ҚҚА

	органның деректі тексерулер	деректі актісі	ақпарат жіберу	(келісім бойынша)
бойынша				
3.	Қазақстан Респу. бликасының рези. денті емес	БАҚ-қа ақпа. сақ. тандыру ның сақтандыру агенттері мен басқа делдалда.	ҚҚА (келісім раттық- ұйымдары. мен делдалда. рының Қазақстан Республикасының аумағындағы қызметі халықты	Тұрақты Талап етілмейді бойынша) түсін. дірме мате. риалдар Қазақстан Республикасының заңсыз туралы хабардар
ету				
4.	Қазақстан Респу. бликасында сақтан. дыру рыногын дамыту	Жарияла. нымдар, бойынша	ҚҚА (келісім телера. құралдары ақпараттық	Тұрақты Талап етілмейді бойынша) диосю. жеттер, ақпа. раттық хабар. ламалар

3. Сақтандыру статистикасының толыққанды базасын қалыптастыру, сақтандыру рыногының есебін автоматтандыру және оны ақпараттандыру

1.	Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйым. дары және сақтан. дыру рыногының өзге де кәсіби қатысушылары үшін бухгалтерлік есепке алуды, қаржылық, статис. тикалық тұрақты	Норма. тивтік сақтан. кесімнің ҚҰБ жобасы	ҚҚА (келісім құқықтық бойынша), жыл кесімнің ҚҰБ (келісім	2004 жыл бойынша), төр. тінші тоқсан бойынша), "Қазақстан актуарий орталығы" ЖАҚ
----	---	---	--	--

- есептілікті әзір. (келісім
леу және жетілдіру бойынша)
2. Сақтандыру стати. Сақтан. ҚҚА 2005 Талап
стикасының қалып. дыру (келісім жыл етілмейді
тасқан деректер (қайта бойынша), төр.
базасының және сақтан. ҚҰБ тінші
оған жасалған дыру) (келісім тоқсан
талдау нәтижелері ұйымда. бойынша),
негізінде сақтан. рына "Қазақстан
дыру кластары арналған актуарий
бойынша тәуекелдер ұсы. орталығы"
жіктемесін әзірлеу ныстар ЖАҚ
(келісім
бойынша)
3. Қолда бар статис. Сақтан. ҚҚА (келі. 2005 Талап
тикалық деректер дыру сім бойын. жыл етілмейді
базасы негізінде (қайта ша), ҚҰБ төр.
сақтандырудың әр сақтан. (келісім тінші
түрлі кластары дыру) бойынша), тоқсан
(түрлері) бойынша ұйымда. "Қазақстан
тәуекелдер жікте. рына актуарий
лімін ескере арналған орталығы"
отырып сақтандыру ұсы. ЖАҚ
тарифтерін есеп. ныстар (келісім
теуге қойылатын бойынша)
- с т а н д а р т т ы т а л а п .
т а р д ы ә з і р л е у
ж ә н е е с е п т е у

4. Міндетті сақтандыру жүйесін дамыту

1. Міндетті сақтан. Заңдар. ҚҚА 2004- Талап
дыру жөніндегі дың жо. (келісім 2006 етілмейді
заңнаманы балары бойынша), жылдар
жетілдіру Т С М , Т Ж М ,
І І М , Қ О Қ М ,
А Ш М , К К М ,
Е Х Ә Қ М ,

- | | | | | | |
|----|--|---|---|---|--|
| 2. | Міндетті сақтан-
дыру түрлерін
енгізу шарттары
мен тәртібін
айқындау
ұсыныстар | Қазақ.
стан | ҚҚА
(келісім
Республи.
касының | 2004
жыл
бойынша | Талап
етілмейді
үшінші
тоқсан
Үкіметіне |
| 3. | "Сақтандыру тө-
лемдеріне кепілдік
беру қоры" АҚ-тың
мақсаты мен мін-
деттерін нақтылау,
оны дамыту перс-
пективасын
айқындау | Қазақ.
стан | ҚҰБ (келі-
сім бойын-
ша), ҚҚА
блика.
сының
Үкіме-
тіне
ұсы-
ныстар | 2004
жыл.
ҚҚА
(келісім
бойынша),
"Сақтандыру
төлемдеріне
кепілдік
беру қоры"
АҚ (келісім
бойынша) | Талап
етілмейді
үшінші
тоқсан
бойынша),
"Сақтандыру
төлемдеріне
кепілдік
беру қоры"
АҚ (келісім
бойынша) |
| 4. | Табиғи зілзала.
лардан туындаған
зиянды өтеу жүйе.
сінің тетіктерін
айқындау | Қазақ.
стан | ТЖМ, ҚҚА
(келісім
Респу.
блика.
сының
Үкіме-
тіне | 2006
жыл
бойынша),
ҚҰБ (келі-
сім бойын-
ша),
ҚарМ,
ұс
ы. | Талап
етілмейді
төр.
тінші
тоқсан
ҚОҚМ,
ЭБЖМ
ұс
ы. |
| 5. | ЕурАзЭҚ не ТМД
шеңберінде көлік
құралдары иелері.
нің жауапкершілі.
гін
сін
лесін | Халықа.
ралық
келі.
сімнің
сақтандырудың
халықаралық
сін
ендіру
лесін | ҚҚА (келі-
сім бойын-
ша), КҚМ
жобасы
жүйе.
мәсе.
ойластыру | 2004
жыл.
КҚМ
жобасы
жүйе.
мәсе.
ойластыру | Талап
етілмейді
бірінші
тоқсан
жобасы
жүйе.
мәсе.
ойластыру |

5. Сақтандыру рыногының инфрақұрылымын дамыту

- | | | | | | |
|----|-------------------------------------|----------------|-----------------|-------------|--------------------|
| 1. | Өзара сақтандыру
қоғамдарын құру | Заң
жобасы, | ҚҚА
(келісім | 2006
жыл | Талап
етілмейді |
|----|-------------------------------------|----------------|-----------------|-------------|--------------------|

және қызметі бойынша тивтік база жасау	норма.	норма.	норма.	бойынша) тивтік құқықтық кесім. дердің
жобалары				
2. Сақтандыру рыногына кәсіби қатысушылардың қызметін лицензиялау рәсімдерін	Норма. тивтік жобалары	ЭБЖМ, ҚҚА (келісім құқықтық бойынша) жобалары	2004 жыл	Талап етілмейді төр. тінші тоқсан
	жетілдіру, ішінде өзін-өзі ұйымдарға	оның жекелеген өкілеттіктерді реттейтін беру		
арқылы жетілдіру				
3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын дегі қызметті жетілдіру жобалары	Норма. тивтік жасау делдалдық қызметті	ҚҚА (келісім жөнін. құқықтық реттеуді	2005 жыл	Талап етілмейді бойынша) кесім. дердің
4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және қайта сақтандыру пулдерін жасаудың қалыптастыру және дамыту іс-шаралар	Қазақстан Республикасының ынталандыру. Оларды қалыптастыру және дамыту жөніндегі	ҚҚА (келісім бойынша) Респу. блика. сының ынталандыру. Оларды қалыптастыру және дамыту жөніндегі	2004 жыл	Талап етілмейді төр. тінші тоқсан Үкіметіне ұсыныстар
5. Сақтандыру делдалдары мен сақтандыруға байланысты жүзеге асыратын тұлғалар	Заң жобасы	ҚҚА (келісім бойынша)	2005 жыл	Талап етілмейді бойынша)

тер, апаттық
 комиссар, андер.
 райтер, ассистант,
 диспашер, сюрвейер
 және басқалары)
 қызметінің құқық.
 тық жағдайы мен

шарттарын нақтылау

6. Қайта сақтандыруға Заң ҚҚА 2005 Талап
 қойылатын талаптар жобасы (келісім жыл етілмейді
 бөлігінде сақтан. бойынша)
 дыру және сақтан.
 дыру қызметі
 туралы заңдарды
 жетілдіру, қайта
 сақтандыру және
 ортақ сақтандыру

рыноктарын дамыту

7. "Қазақстан ипоте. Қазақ. ҚҰБ (келі. 2004 Талап
 калық кредиттерге стан сім бойын. жыл етілмейді
 кепілдік беру Респу. ша), ҚҚА төр.
 қоры" АҚ-ның блика. (келісім тінші
 мақсаты мен сының бойынша), тоқсан
 міндеттерін нақ. Үкіме. "Қазақстан
 тылау, оны дамыту тіне ипотекалық
 перспективасын ұсы. кредиттерге
 айқындау ныстар кепілдік
 беру қоры"
 АҚ (келісім
 бойынша),
 "Қазақстан
 ипотека
 компаниясы"
 АҚ (келісім
 бойынша)

8. Ипотекалық сақ. Заң ҚҚА 2005 Талап
 тандыру мәселе. жобасы (келісім жыл етілмейді
 лері жөніндегі бойынша),
 заңдарды "Қазақстан

жетілдіру

ипотекалық
кредиттерге
кепілдік
беру қоры"
АҚ (келісім
бойынша),
"Қазақстан
ипотека
компаниясы"
АҚ (келісім
бойынша)

6. Кадрлық әлеуетті дайындау

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру рыногының басқа да кәсіби қатысушылары үшін тұрақты негізде сақтандыру және сақтандыру қызметі мәселелері бойынша семинарлар мен конференциялар өткізу
 2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қызметкерлерінің жекелеген санаттарына қойылатын біліктілік тарын айқындау
 3. Қадағалау органы қызметкерлерінің
- | | | |
|---|--|--|
| Семи. нарлар, сақтан. | ҚҚА (келі. сім бойын. конфер. енциялар ұйым. дастыру | Тұрақты Талап етілмейді ша), БҒМ, ИжСМ, Экс. порттық кредиттер мен инвес. тицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпора. циясы АҚ (келісім бойынша) |
| Норма. тивтік қызметкерлерінің жекелеген санаттарына қойылатын біліктілік | ҚҚА (келі. сім бойын. құқықтық кесім. дердің талап. | 2005 жыл Талап етілмейді ша), ҚҰБ (келісім бойынша) жоба. |
| Оқу бағдар. | ҚҚА (келісім | Тұрақты Талап етілмейді |

	біліктілігін арт. тыру тикалық	ламасы және	бойынша) прак. дағдыла.
рын жақсарту			
4. Орта және жоғары оқу орындарының базасында дыру ісінің мандарын жөніндегі тар құру	Қазақстан	БҒМ сақтан. ма. даярлау орталық.	2005 жыл Талап етілмейді Респу. блика. сының Үкіме. тіне ұсы. ныстар

7. Сақтандыруды қадағалауды дамыту және тиімділігін арттыру

1. Сақтандыру заңдарын және сақтандыру қызметін Еуропалық Директиваларымен және	Норма. тивтік	ҚҚА (келісім Одақтың Директиваларымен Халықаралық	2005 жыл	Талап етілмейді бойынша) кесім. дердің жобалары
үйлестіру		Сақтандыруды Қадағалау дастығының сақтандыруды қадағалау циптері стандарттарына кезең - кезеңмен		
2. Тәуекелді бағалауға негізделген сақтандыруды дағалау жүйесін енгізу (Risk-Based Supervision)	Норма. тивтік қа.	ҚҚА (келісім құқықтық кесімдер жобалары	2005 жыл	Талап етілмейді төр. тінші тоқсан
3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйым.	Норма. тивтік	ҚҚА (келісім	2004 жыл	Талап етілмейді

дарында ішкі бас.	құқықтық бойынша)	төр.
қару жүйелерін	кесімдер	тінші
ендіру жобалары	тоқсан	
4. Сақтандыру қызме.	Норма.	ҚҚА
тін реттеу мен	тивтік	(келісім
қадағалаудың	тиім.	құқықтық
ділігін	бұдан	әрі
арттыру		жобалары
		Тұрақты Талап
		етілмейді

8. Салық салуды жетілдіру

1. Сақтанушыларға	Норма.	ЭБЖМ, ҚарМ, 2004-	Талап
және сақтандыру	тивтік	ҚҚА	2005
(қайта сақтандыру)	құқықтық	(келісім	жылдар
ұйымдарына	салық	кесімдер	бойынша)
	с а л у	ж ү й е с і н	
		ж е т і л д і р у	
